Полное и неполное прижатие струны практикуется и на щипковых, щипково-плекторных хордофонах. На щипковых инструментах (принцип звукоизвлечения – бряцание) флажолеты встречаются реже. Так, на казахской *домбре* с основных тонов открытых струн извлекают 7-10 натуральных флажолетов (*табиги* флаголеттер, *ысқырыуық*)⁶. На каждом ладке с закрытой струны возможен искусственный октавный флаголет (каз. *жасанды флаголеттер*) [9, 104-105].

Особое значение имеет *расстояние между струной и грифом*. На ряде плекторных хордофонов (узбекский *танбур*) при полном прижатии можно получить один тон, при неполном – другой. На туркменском *дутаре* металлическая струна, напротив, находится так близко к шейке, что при ее прижатии и небольшой пальцевой вибрации слышны рядом лежащие микротоны. На казахской *домбре* струны располагаются дальше от шейки (расстояние между ними в среднем 70-80 мм). Здесь звук получается глуховатый, без микротоновых «призвуков».

3.2. На щипковых и щипково-плекторных хордофонах с *фиксированным строем* разработан целый комплекс приемов игры, направленный на изменение высоты тона, в сторону ее плавного повышения или понижения. Возникают микроинтервальные «скольжения», имеющие случайный или устойчивый (системный) характер.

Обратимся к *орнаментике*. Будучи важной стилевой составляющей, она «глубоко присуща монодической музыке», в том числе узбеков и таджиков [4, т.1, .37], оказывает влияние на качество звука (вибрирующее, качающееся, глиссандирующее и др.) и шире — «тип интонирования» [10, 18]. Среди разных ее видов, используемых в народно-профессиональной вокальной и инструментальной музыке, выделены две группы: *декоративная* (*кочирим*) и *семантическая*. К первой из них относятся форшлаги (*безаклар*), нахшлаги (*окуши нахун*), морденты (*сайкал*) и трели (*биоратма*). Они не меняют интонационного содержания мелодии. Ко второй – все виды *вибрата* (простое – *тулкинлатиши*, качающееся – *нолии*), а также глиссандо – в пределах больших интервалов (*молии*) или полутона и тона вверх и вниз (*кашии*). Семантическая орнаментика неотделима от художественной стороны мелодии [4, т.2, .57].

В кобызовой и домбровой музыке казахов, а именно в кюях Ихласа, Сугура, Казангапа и других кюйши встречаются долгие, протянутые или повторяющиеся звуки, высота которых также может плавно «скользить». Они имеют выразительное значение и утверждаются путем использования коротких (*қысқа*) и длинных (*ұзақ*) форшлагов (*қосанжар* – каз. Синьцзян-Уйгурского автономного района, далее СУАР) (по сведениям Б.Игилик), трелей (*дірілдему*), залигованных нот, ритмических акцентов, а также *вибрата* (*тербеліс*; *құйқылжыту* – каз. СУАР; *тулкинлатиши* – с узб. волнообразный) или сложных ритмо-штриховых комплексов.

⁶ Подробнее о способах образования флаголетов на *домбре* см. [11, 82]

Мелодическая орнаментация встречается и в туркменской народной музыке. В песнях *бахши* и в дутарных композициях с участием альтерированных (Пв и Пв) ступеней образуются т.н. «нейтральные» интервалы [12, 62]. Они «могут быть постоянными и временными, в зависимости от характера мелодии... направления ее движения» [12, 64].

3.3. Среди приемов орнаментики, практикуемых на струнных инструментах, заслуживают внимания *вибраторо* и *глиссандо*, оказывающие непосредственное влияние на высоту звука/тона, ее изменчивость.

На *домбре* различают несколько видов *вибраторо* (*тербеліс*), производимых левой (локтевое, кистевое и пальцевое) и правой (ладоневое) руками [9, 49; 13, 27]. Пальцевое вибраторо, модулирующее «колебание самой струны... (приблизительно частотой 5-7 гц)» [13, 27]⁷, способствует плавной смене тонов, достижению точности интонирования. Удары правой руки у нижней подставки («ладоневое вибраторо») встречаются в *шертпекюях*⁸ и служат одним из способов усиления вибрации звука. Его высота в этот момент может изменяться до $\frac{1}{4}$ тона [9, 49]. В кюях Сугура, при воспроизведении долго дляющихся тонов, используются т.н. *горизонтальное* и *вертикальное* вибраторо, связанные с соответствующим «скольжением» пальцев левой руки [14, 19]. Создается эффект их «микротонового покачивания» (см. кюи Сугура «Кертолгау», «Жолаушынын жолды коныры», «Бес жорга»).

Штриховая техника правой руки при игре на туркменском *дутаре* оказывает влияние на вибрацию струны, точнее ее продление. Применяется и пальцевая вибрация (*титремек* – с туркм. досл. трястись) [15, 115].

На узбеко-таджикских музыкальных инструментах, в том числе на *танбурае*, *сато*, *гиджаке* различают два вида *вибраторо*: первый (бухарская исполнительская традиция) – сопровождается «качанием кисти и предплечья вокруг играющего пальца», второй (фергано-ташкентская) – включает «частое равномерное нажатие струны на ладок» [4, 44]. Амплитуда колебания звука при вибраторо – от 25-30 до 50-60 центов. На *танбурае* звуковысотная зона колебания уже (25-30 центов)⁹.

Вид крупного, «качающегося» поперек струны, вибраторо — *нолиши*, исполняется одним или двумя пальцами. Высота звука изменяется в пределах полутона (*танбуре*, *гиджак*). Амплитуда колебания составляет 60-90 центов. На узбекском *танбурае* образуется эхообразное вибраторо. Оно достигается путем «периодического усиления и ослабления давления на струну пальцев левой руки с одновременным ее вибрированием» [3, 136-137].

Высота и тембровая окраска звука связаны и с использованием *глиссандо* (*сыргу*, *сыргып ойнау* – каз. СУАР). Глиссандо гораздо чаще встречается в домбровой музыке Центрального и Восточного Казахстана, а также казахской диаспоры, проживающей в СУАР. Здесь техника игры более утонченная, рафинированная и разнообразная. Казахские домбристы в исполнении *шертпекюев* нередко прибегают к приемам «искусственного отклонения» от темперации. Показательны т.н. пальцевые «подъезды» к звуку, а также приемы скольжения по струне и ее «перетягивания» (восточно-казахстанская *домбра*). В результате образуется плавный переход между тонами, своеобразное «качание» звука. Возникают микротоновые «колебания», обусловливающие интонационную и ритмическую «свободу», независимость мелодической линии.

Один из видов *глиссандо* на узбекских хордофонах — *молиши* (букв. приглаживать) предполагает замедленное восходящее и нисходящее скольжение пальца на широкие (от кварты и более) и узкие (м. и б.2 и 3) интервалы. Другой (*кашиши* – букв. оттягивание) – более сложный, образуемый в пределах полутона и тона [4, т.1, 48-49]. Он исполняется

⁷ Об амплитуде того или иного вида вибраторо на казахской *домбре* в герцах см. [13, 27].

⁸ Так называют домбровые пьесы центрального, восточного и южного Казахстана, в исполнении которых используется игра щипком одним или несколькими пальцами правой руки.

⁹ По своему характеру данный вид вибраторо бывает обычным (ровным), запаздывающим (вступающим не с самого начала) и завершающим (на выше или ниже лежащем тоне) [4, т.1, 45].

по-разному: путем восходящего или нисходящего скольжения пальца вдоль грифа (*гиджак*, *уд*, *домбра*), оттягивания струны в сторону верхнего порожка (*дутар*) или поперек грифа (*рубабы*) (т.н. «качающееся» вибрато), а также с помощью прижимания струны к одному (полутон) или двум (тон) ладкам (*танбур*, *сато*) [4, т.1, 50]. Этот вид глиссандо исполняется в сочетании с мордентом (*сайкал* – досл. лоск, блеск), включающим верхний или нижний вспомогательный звук, производимый одним-четырьмя ударами.

При звуковысотных обмерах *кашиша* (в пределах м. и б.2) образуются малые пифагорейские полутон (90 центов) и тон (180 центов) или малый тон чистого строя (182 цента), характеризующие «нейтральные» интервалы. Неслучайно, техника *кашиша* в исполнении макомов направлена на «расцвечивание звука» [4, т. 1, 98].

Итак, звучание центральноазиатских хордофонов отличается богатством интонирования, широким спектром звуковысотного варьирования. На одном полюсе – *қыл-кобыз* с весьма подвижными зонами высоты, с обертоновыми и шумовыми компонентами звука. На другом полюсе – узбекский, туркменский дутары, танбур, рубабы и др., на которых форшлаги, глиссандо, а также штрихи правой руки, специально направленные на усиление вибрации звука, порождают микротоновые колебания. Некоторые приемы звукоизвлечения, виды глиссандо (например, *кашиши*) приводят к постоянным (стойким) проявлениям микроинтервальных отклонений.

Список литературы

1. Центральная Азия // Большая энциклопедия в 62-х томах [Текст] – Москва: Терра, 2006. Т. 57. – С. 211.
2. **Мациевский, И.В.** Народная инструментальная музыка как феномен культуры [Текст] / И.В. Мациевский. – Алматы: Дайк-Пресс, 2007. – 520 с.
3. **Кароматов, Ф.М.** Узбекская инструментальная музыка. Наследие [Текст] / Ф.М.Кароматов. – Ташкент: ГИЛИ им. Г.Гуляма, 1972. – 360 с.
4. **Тахалов, С.М.** Проблемы исполнения и нотной записи узбекской и таджикской традиционной инструментальной музыки [Текст]: дис... канд. иск.: 17.00.02 / Тахалов Сулейман Маниевич. В 2х томах. – Ташкент, 1987. – 196 с.
5. **Верткив, К., Благодатов, Г., Язовицкая, Э.** Атлас музыкальных инструментов народов СССР [Текст] / К.Верткив, Г.Благодатов, Э.Язовицкая. – Москва, 1975. – 399 с.
6. **Бахман, В.** Среднеазиатские источники о родине смычковых инструментов [Текст] / В.Бахман // Музыка народов Азии и Африки. Вып. 2. – Москва: Сов. композитор, 1973. – С. 349-373.
7. **Назайкинский, Е.В.** Звуковой мир музыки [Текст] / Е.В. Назайкинский – Москва: Музыка, 1988. – 254 с.
8. **Назайкинский, Е.В.** Экмелика. Зальцбург (информационно-аналитический обзор) [Текст] / Е.В. Назайкинский. – Москва, 1997 (Рукопись) – 20 с.
9. **Жайымов, А., Бұркітов, С., Үсқақов, Б.** Домбыра үйрену мектебі [Текст, ноты] / А.Жайымов, С.Бұркітов, Б. Үсқақов – Алматы: Өнер, 1992. – 240 б.
10. **Расултаев, Ж.К.** Узбекская традиционная инструментально-исполнительская культура [Текст]: автореф. дис. ... доктора иск.: 17.00.02 / Ж. Расултаев. – Ташкент, 2004. – 31 с.
11. **Утегалиева, С. И.** Звуковой мир музыки тюркских народов: теория, история, практика (на материале инструментальных традиций Центральной Азии)» [Текст] / С.И. Утегалиева – Москва: Композитор, 2013. – 528 с.
12. **Гуллыев, Ш. Г.** Искусство туркменских бахши (основы музыкально-поэтического строения) [Текст] / Ш.Г.Гуллыев / под ред. Ф.М. Кароматова. – Ашхабад: Үлым, 1985. – 260 с.
13. **Нажмединов, Ж.** Музыкально-акустические свойства казахской домбры [Текст]: автореф. дис. ... канд. иск. – Алматы, 2003. – 33 с.
14. **Алсаитова, Р.К.** Сугурдің күйлері мұрагерлердің орындаунда [Текст]: автореф. дис... канд. дис. – Алматы, 2010. – 25 б.
15. **Успенский, В., Беляев, В.М.** Туркменская музыка [Текст] / отв. ред. Ш.Гуллыев. В 2х томах – Алматы: Фонд Сорос-Казахстан, 2003. – 832 с.

References

1. Central'naâ Aziâ // Bol'saâ ènciklopediâ v 62-h tomah – Moskva: Terra, 2006. T. 57. – 211p.
2. **Macievskij, I.V.** Narodnaâ instrumental'naâ muzyka kak fenomen kul'tury / I.V. Macievskij. – Almaty: Dajk-Press, 2007. – 520 p.
3. **Karomatov, F.M.** Uzbekskaâ instrumental'naâ muzyka. Nasledie / F.M.Karomatov. – Taškent: GILI im. G.Gulâma, 1972. – 360 p.
4. **Tahalov, S.M.** Problemy ispolneniâ i notnoj zapisi uzbekskoj i tadžikskoj tradicionnoj instrumental'noj muzyki : dis.... kand. isk.: 17.00.02 / Tahalov Sulejman Manievič. V 2h tomah. – Taškent, 1987. – 196 p.
5. **Vertkov, K.**, Blagodatov, G., Azovickaâ, È. Atlas muzykal'nyh instrumentov narodov SSSR [Tekst] / K.Vertkov, G.Blagodatov, È.Azovickaâ. – Moskva, 1975. – 399 p.
6. **Bahman, V.** Sredneaziatskie istočniki o rodine smyčkovyh instrumentov / V.Bahman // Muzyka narodov Azii i Afriki. Vyp. 2. – Moskva: Sov. kompozitor, 1973. – pp. 349-373.
7. **Nazajkinskij, E.V.** Zvukovoj mir muzyki / E.V. Nazajkinskij – Moskva: Muzyka, 1988. – 254 p.
8. **Nazajkinskij, E.V.** Èkmelika. Zal'zburg (informacionno-analitičeskij obzor) / E.V. Nazajkinskij. – Moskva, 1997 (Rukopis') – 20 p.
9. **Žajymov, A., Bürkitov, S., Yskaakov, B.** Dombyra ûjrenu mektebi / A.Žajymov, S.Bürkitov, B. Yskaakov – Almaty: Öner, 1992. – 240 p.
10. **Rasultaev, Ž.K.** Uzbekskaâ tradicionnaâ instrumental'no-ispolnitel'skaâ kul'tura : avtoref. dis. ... doktora isk.: 17.00.02 / Ž. Rasultaev. – Taškent, 2004. – 31 p.
11. **Utegalieva, S. I.** Zvukovoj mir muzyki tûrskih narodov: teoriâ, istoriâ, praktika (na materiale instrumental'nyh tradicij Central'noj Azii) / S.I. Utegalieva – Moskva: Kompozitor, 2013. – 528 p.
12. **Gullyev, Š. G.** Iskusstvo turkmenskih bahşı (osnovy muzykal'no-poètičeskogo stroeniâ) / Š.G.Gullyev / pod red. F.M. Karomatova. – Aşhabad: Ylym, 1985. – 260 p.
13. **Nažmedenov, Ž.** Muzykal'no-akustičeskie svojstva kazahskoj dombry : avtoref. dis. ... kand. isk. – Almaty, 2003. – 33 p.
14. **Alsaitova, R.K.** Sugurdıñ kùjleri myragerlerdiñ oryndaunda : avtoref. dis... kand. dis. – Almaty, 2010. – 25 p.
15. **Uspenskij, V., Belâev, V.M.** Turkmenskaâ muzyka / otv. red. Š.Gullyev. 2 volumes – Almaty: Fond Soros-Kazakhstan, 2003. – 832 p.

Сведения об авторе:

Сауле Исхаковна Утегалиева – доктор искусствоведения, профессор кафедры музыковедения и композиции, КНК им. Курмангазы.

Автор туралы мәлімет:

Сәуле Ысқакқызы Өтегалиева – өнертану докторы, Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық консерваториясы музыкатану және композиция кафедрасының профессоры.

About the author:

Saule Utegalieva – Doctor of Arts, Professor of Musicology and Composition Department; Kurmangazy Kazakh national conservatory.

MPHTI 18.41.85

С. Садықов¹, Т. Тоқжанов¹

¹Күрмангазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы
Алматы, Қазақстан

КҮЙ ТІЛІ

Tүйін

Мақалада күй құдіреті, оның әр ұлт рухындағы төл көрінісі, қазақтың халық аспаптары құрылышы, атаулары, маңыздылығы мен қасиеттері сипатталған. Қазақтың күй өнері біздің заманымызға дейін-ақ өз алдына жанр болып қалыптасқанға ұқсайды. Бұған ежелгі замандардан бүгінгі күнге жеткен күйлеріміз күә дей отырып, Тымат Мерғалиевтің «Қазақ күйлерінің тарихы» еңбегінен дәлел келтіреді. Қазақтың күйлері орындалатын аспаптың жасалуының қарапайымдылығы мен күйінің құлаққа қонымды, қазақы үнге ғана тән қасиеттілігін айта келіп, оны бір сарынды дейтіндерді сынайды. Бір қарғанға барынша қарапайым көрінетін домбыраның ондаған түрлері мен аттарын (балдырган, қалақша, тамшы, алтай, ғұн, тұран, саз, абыз, адай т.б.) тізеді, әр өнірдің аз ғана ерекшеліктерін атамағанда, құлақ күйлері мен пернелердің атаулары жалпы жобасы бірдей аталады. Не бары екі шекті домбыраның құлақ күйі бірнеше түрге келтірілетінін, және сол келтірілген құлақ күйлерінде де ондаған күйлер шертілетінін. Мәселен, «Тел бұрау» – ол қазіргі музыка тілімен айтқанда унисон, «Шалыс бұрау» – секунда, «Қалыс бұрау» – терция, «Оң бұрау» – кварта, «Теріс бұрау» – квinta т.б. бұраулар да бар және осы аталған бұрауларда көптеген күйлер орындалғандығы. Ол күйлер бүгінгі күні сирек те болса орындалатыны. Дегенмен ноталары мен жазбалары сақталғандығы туралы айтады.

Тірек сөздер: күй тарихы, қазақ музыкасы, домбыраның түрлөрі, домбыранының бураулары.

С. Садыков¹, Т. Токжанов¹

¹Казахская национальная консерватория имени Курмангазы
Алматы, Казахстан

ЯЗЫК КЮЯ

Аннотация

В статье описывается сила воздействия кюя, его проявление в национальном сознании, конструкция казахских народных инструментов, их названия, значение и свойства. Искусство казахского кюя до нашего времени представляло собой особый жанр. Об этом свидетельствуют кюи, дождевые до наших дней с древних времён, которые приводят Тымат Мергалиев в своём труде «История казахских кюев». Говоря о свойственной казахскому звуку сакральности, его мелодичности исследуется простота изготовления инструментов для исполнения казахских кюев и благозвучность их для слухового восприятия. Существуют десятки разновидностей и названий домбры (балдырган, калакша, тамши, алтай, гун, туран, саз, абыз, адай и др.), с небольшими региональными различиями в форме которых, строй и названия ладов практически идентичны. Страй двухструнной домбры, как и кюи, исполняемые в той или иной настройке, сводятся к нескольким видам. К примеру, существуют настройки «Тель бурау» – в современной терминологии унисон, «Шалыс бурау» – секунда, «Калыс бурау» – терция, «Он бурау» – квarta, «Терс бурау» – квинта и другие, и в этих настройках исполняются многие кюи. Сегодня эти кюи исполняются довольно редко. Однако их нотации и записи о них сохраняются.

Ключевые слова: история кюя, казахская музыка, виды домбры, настройка домбры.

S. Sadykov¹, T. Tokzhanov¹

*¹Kurmangazy Kazakh National Conservatory
Almaty, Kazakhstan*

THE LANGUAGE OF KUY

Abstract

The article describes the power of kuy impact, its manifestation in the national consciousness, the design of Kazakh folk instruments, their names, meaning and properties. The art of the Kazakh kuy was a

special genre until now. This is evidenced by the kuys, which have survived to our days since ancient times, which Tymat Mergaliev cites in his work "The History of the Kazakh kuy". Speaking about the inherent Kazakh sound of sacredness, its melodiousness, the simplicity of making instruments for the performance of Kazakh kuys and their euphony for auditory perception are explored. There are dozens of varieties and names of dombra (*baldyrgan, kalaksha, tamshy, altai, gun, turan, saz, abyz, aday*, etc.), with small regional differences in the form of which the order and names of frets are almost identical. The temperation of a two-stringed dombra, among the kuys performed in one or another tuning, is reduced to several types. For example, there are such tunings as "*Tel Burau*" – unison in modern terminology, "*Shalys burau*" – second, "*Kalys burau*" - third, "*On burau*" – fourth, "*Teris burau*" – fifth and others, and these tunings are used in many kuys. Today, these kuys are rarely performed. However, their notations and notes about them remain.

Key words: history of kuy, Kazakh music, types of dombra, tuning of dombra.

Әлемде музыкасыз ұлт жоқ. Музыка барша адамзатқа ортақ. Эр ұлттың ұлттық рухы музыкасында сақталған. Ежелгі қытай ойшылы Конфуций: [шамамен б.д.д.551-479 ж.] «Егер бір елді басқарудың жай-жапсарын білгің келсе, сол елдің тәртіп-тағылымын танымақ болсан, онда музыкасына құлақ түр [1,116]» – депті. Ең әсерлі сиқырлы сұлу сөз де, адам сезіміне музыкадай әсер ете алмайды. Д. Шостакович: «...если бы музыка могла выражать только то, что выражает человеческая речь, музыка была бы не нужна» [2, 3] дейді. Шынында да музыканың берер әсерін тілмен, сөзбен айтып жеткізуге болатын болса, онда музыканың қажеті болмас еди.

О баста әлем халықтарының барлығында дерлік музыка, поэзия, би-бірге, ара-жігі ашылмай біртұтас синкреттік қалыпта дамыған. Мәселен, ежелгі грек философы Платон: «Приминение отдельно взятой игры на флейте и на кифаре заключает в себе в высокой степени безвкусное и достойное лишь фокусника» [3, 6] деген. Музыканың синкреттік қалыпта өрілуі, дамуы күні бүгіндегі бірнеше халықтар мен ұлттарда сақталған. Кавказ халықтарында, татарларда, өзбектерде де музыка, ән, би барлығы біртұтас күйде бірге жүреді. Өнер дамып, жетіліп, кемелденгенде синкреттік қалыптан салаланып бөлініп шығады [4, 30]. Демек, қазақтың күй өнері біздің заманымызға дейін-ақ өз алдына жанр болып қалыптасқанға ұқсайды. Бұған ежелгі замандардан бүгінгі күнге жеткен күйлеріміз күә. Тымат Мерғалиевтың «Қазақ күйлерінің тарихы» еңбегінде: «Біздің жыл санауымызға дейінгі VII-IV ғасырларда Орта Азияны Сақ тайпалары мекендерген. Сақ дәуірінде дүниеге келген сарын-саздардың мол бұлағы біздің заманымызға жетіп отыр. Халық күйшілері сүйіп тартатын көне күйлердің ішінде «Шыңырау», «Аққу» т.б. күйлердің әуен-ырғағы, аңызы Сақ дәуіріне жатады. Біздің жыл санауымызға дейінгі III-II ғасырларда Ғұндар әлемдегі ең күшті мемлекет болып дәуірлеп тұрған. Ғұн дәуірінен біздің заманға жеткен байырғы саз-сарындар «Кеңес», «Сары өзен», «Шұбар ат» сияқты ескі күйлердің әуен-ырғағы ғұн дәуірінен бастау алатыны байқалады» [5]. Мінеки, байқап отырғанымыздай, біздің заманымызға дейінгі VII-IV, III-II ғасырлардан, сақ, ғұндардан жеткен күйлеріміз бар екен, демек күй өнері ертеде-ақ қалыптасқан деуге толық негіз бар.

Қазақ музыкасының тамыры тым теренде. «Археологиялық олжалардың ішінде, - деп жазады академик В.Виноградов, кем дегендеге осыдан екі мың жыл бұрын тұтынылған қос ішкепті аспаптың бейнесі айрықша назар аудартады. ...Бұған бүгінгі күні ең текстес, ең жақын аспап ретінде қазақтың домбырасын жатқызуға болады» [6, 111]. Мұндай мысалдарды көптең келтіруге болады. Демек, бүгінгі күнгі домбырамыздың пішіні сол кездің өзінде бір қалыпқа түсіп қалыптасып болған. Музыкалық аспап жетіліп, әбден қалыптасып, ұлыс пен ұлттарға, «сіңісті» болмай, музыкалық шығармаларында өркен жайып, кең етек алып тарап кете қойыу негайбыл.

Көбиз да, домбыра да-екі шекті аспап. Осынау бірнеше мыңжылдық даму тарихы бар музыкалық аспаптар біздің заманымызға дейін еш өзгеріссіз жетіп отыр. Тәнірге табынған түркілердің ұғымында бір нәрсе анық болатын: аспан-жер, күн-тұн, өмір-өлім, от-су, ақ-

қара, шындық-өтірік, жақсылық-жамандық т.с.с. Міне, осындай философиялық ұғымнан қобыз да, домбыра да қос ішекті болып туған болуы керек. Домбыра - қазақ халқына кең тараған ең танымал аспаптардың бірі. Адам дауысына барынша жақын қоныр үнді домбыра, тыңдармандарын бей-жәй қалдырмайтын «сиқырлы» қасиетке ие. Табиғаттағы кез-келген дыбыстарды домбыра шектерімен ешқандай қындықсыз салуға болады. Әсіресе аң-құстардың шығаратын үнін. Домбыра аспабы өзінің қарапайымдылығына қарамастан кез-келген тыңдаушыға түсінікті әрі жағымды әсер ететінін әр-турлі ұлт өкілдерінің ғалымдары, музика мамандары және домбыраны көріп, тыңдал естіген қарапайым халықтарда өз ойлары мен лебіздерін қағаз беттерінде қалдырған. Домбыраның қарапайымдылығы, яғни, ешқандай темір, мыс немесе механика пайдаланбай, күнделікті тұрмыс-тіршілікте қолданылатын ағаш, желім және малдың терісі, шегінен жасалатын технологиясының құні бүгінде көп өзгеріске түссе қоймағаны белгілі. Қазақтар, домбыра аспабын тұтас, бүтін ағаштан шауып, ойып жасаған. Қазақ халқы тұтынған тәнірлік нағынмен сенім бойынша тек бүтін ағаштың бойында ғана сол ағаштың жаны яғни қасиеті сақталады деп түсінген. Басқаша тәсіл, басқаша амалмен (құрау, желімдеу, жинау) музикалық аспаптар жасамаған. Мұндай аспаптар қатарына қобыз да жатады. Ал, қыл-қобыз аспабының құні бүгінге дейін бүтін ағаштан ойылып жасалатыны белгілі.

Бір қарағанға барынша қарапайым көрінетін домбыраның ондаған түрлерімен аттары бар (балдырған, қалақша, тамшы, алтай, ғұн, тұран, саз, абыз, адай т.б.) ал құлақ күйлері мен пернелердің атаулары әр өнірдің аз ғана ерекшеліктерін атамағанда жалпы жобасы бірдей аталады. Өзге ұлттар, әсіресе орыстар: «Қазақтар домбырасын келтіруді білмейді, қалай жатса солай алып, не болса соны тарта берген» деген әңгімелерді де талай есітіп ренжігеніміз бар. Алайда өсе келе ондай әңгімелердің шындықтан алыс емес екенін байқап, «ұлы» ата-бабаларымызға өте риза болғандығымызды жасыра алмаймын. Не бары екі шекті домбыраның құлақ күйі бірнеше түрге келтірілетінін, және сол келтірілген құлақ күйлерінде де ондаған күйлер шертіледінін өзге ұлттар қайдан ұқсын. Мәселен, «Тел бұрау»-ол қазіргі музика тілімен айтқанда унисон, «Шалыс бұрау»-секунда, «Қалыс бұрау»-терция, «Оң бұрау»-квартта, «Теріс бұрау»-квинта т.б. бұраулар да бар және осы аталған бұрауларда көптеген күйлер орындалған. Ол күйлер бүгінгі құні сирек те болса орындалады. Дегенмен ноталары мен жазбалары сақталған. Мінеки, осындай көп бұраудағы әр түрлі күйлерді тыңдаған өзге ұлттарға шынында да домбырадағы күйлер қалай болса солай орындала беретіндей болса керек. Әрине, шын мәнінде талай маман музиканттар біздің домбырамызбен жақынырақ танысқанда таң қалып таңырқағандарын жасыра алмайтындықтарын да айта кеткен жөн.

Домбырадағы пернелердің атауларын жаттау, аспапты жаңа үйреніп жүрген үйренушілерге қолайлы, бүгінгі құннің нотасына бара-бар болған.

Есте жоқ ескі замандарда жыр, терме, әндеріміз қобыз, домбыра т.б. көптеген музикалық аспаптардың сүйемелдеуімен орындалған. Ал аспаптық музыкамыздың қай ғасырда қалыптасқанын дөп басып айту қын. Профессор Т.Қоныратбаев, күй сөзінің семантикасын тарихи негізде былайша жүйелейді; «1.Сарын. Ол V-VI ғасырлардағы бақсылық сарынына арқау болған музикалық ладтық жүйе» [7, 263] десе, профессор А.Сейдімбеков көне кезең күйлерін біздің заманымызға дейінгі VIII ғасырға тірейді [7, 119]. Бақсылар сарыны негіз болған аспапты музыкамыздың саралануына ұлы жыраулардың үлесі ерекше болған. Қорқыт күйлері, «Ақсақ құлан», «Ел айырылған», «Сагыныш» күйлерінің авторлары Кетбұғы, Асанқайғы, Қазтуғандар ел бастаған кесем, сөз бастаған шешен, қол бастаған батыр бола тұра, тарих бетінде ұлы жыраулар болып жазылды, соған қарамастан олардың күйлері аспаптық музыкамыздың яғни күй жанрының үйгін нығайтқаны айтпаса да түсінікті.

Күй ән-жырдай емес, оның сөзі, тілі жоқ. Белгілі фольклорист, ғалым Б.Жүсіпов: «Күй әннен де, жырдан да көне, сөз қалыптаспастан бұрын шығуы ықтимал. Бұған дәлел жан-жануарлардың күйге ишп, дыбысқа елітуі. Жыр-дыбысталған сөз, күй-дыбысталған ой» [8,?] дейді. «Қандай бір зарлы саз-сарынға салсаң да, аспапты музика қай балаңның

өлгенін немесе қай жаудың шапқанын, ол жаудың қай ауылды нешесі күні шапқанын айтып бере алмайды» [9, 30]. Әрине, аспаптың адамша сөйлеуі мүмкін емес екені баршаға белгілі ғой. Бірақ адам дауысын, тембірін тауып, дыбыс пен ырғактың үйлесімімен сөз интонациясын келтірген күйшілеріміз тарихта аз болмаған. Мысалы, Құрманғазының «Аман бол шешем, аман бол» немесе «Бұқтым-бұқтым» күйлері, тілін жақсы түсіне білетін қазақтың бәріне түсінікті емес пе? Қүй қазақта ортақ болғанымен оны түсіну бақытына кез келген қазақ ие бола бермейтіні өкінішті-ақ.

Халқымызбен біте қайнасып кеткен қобyz бен домбыра – қазақтардың рухани байлығы. Қыл қобыздың қылына, домбыраның шегіне «жан» бітірген ұлы жыраулар мен күйшілер аң-құстар, жан-жануарлармен де саз тілінде сөйлесе алатынын әр кез дәлелдеп отырған. «Ақсақ құлан», «Нар идірген», «Тел қоңыр», «Ақку» т.б. көптеген күйлеріміз сөзімізге дәлел бола алады.

Қазақ халқының мінезд-қылығын, психологиясын дәл көрсете алатын бірден-бір жанр оның музыкасы, қүй өнері, қүй тілі. Жерінің кеңдігін, әсем табиғатын, тұрмыс-тіршілігін, салт-дәстүрін және әр адамның жеке басының мұн-мұқтажын, қуанышы мен қайғысын, арманы мен сағынышын аспап арқылы баяндайтын қазақ халқы тіпті құнделікті әзіл-қалжыңын да аспапқа айнитпай сала алатын болған.

Қазақ жерінің кеңдігі сияқты музыкасының да ауқымы өте үлкен әрі күрделі. Жыр күйлерден циклді күйлерге дейінгі, шертпе күйден төкпе күйге дейінгі аралықтағы мазмұндылығы аспан мен жер арасын, о дүние мен тірілер әлемін, он сегіз мың ғаламда үшқан құс, жүгірген аң, жыбырлаған жәндікке дейін қазақ күйшілерінің назарынан тыс қалмаған. Күйді түсіне алмаған, сініре алмаған тындаушыға (әсіресе басқа ұлт өкілдеріне) қүй біркелкі (монотонный, однообразный) болып естілуі ғажап емес, оған таңдануға болмас. Бір қарағанға қарапайым ғана болып көрінетін аспаптардан шығатын осынау музыка, тындағанға жұптынылау болып естілуі мүмкін. Қоңыр үнді қобyz бен домбыра, қазақтың ұлттық колоритін, қазақтың өз үнін, өз дауысын ғана салуға лайықталған, бейімделген. Сондықтан күйді түсіну үшін, түйсіну үшін қазақ тілін өте жақсы білу зандылық деп білемін. Жоғары дәрежеде дамыған қазақ музыкасы терең мазмұндылығымен, ритмикалық байлығымен және үнемі дамып, жетіліп түрратындығымен құнды.

Қазан төңкерісімен бірге қазақ өмірі де өзгергені белгілі. Жаңа заманмен сахна келді. Таяқтың екі ұшы болатыны секілді сахнаның да пайдасы мен зияны болды. Әсіресе, аспапты музыкамызда күйдің қасиетін, мазмұн-мағынасын, қағыс ерекшеліктерін түсінуге бірден-бір себепші күйдің шығу тарихы, қүй аңызы ұмыт бола бастады. Өзін қоршаған ортаға қүй аңызымен күйдің шығу тарихын айта отырып қүй тартатын күйші, енді тек «Құрманғазының қүйі Төремұрат, орындаитын Бекболат» – пен ғана шектелді. Қазақ күйлерінің текten тек шықпағаны, бәрінің де аңызы, шығу себебі болатыны белгілі. Міне, күймен қатар жүретін, қосарлана айттылатын қүй аңызы, қүй тарихы өмірден осылай шеттеп, сахна сыртында қала берді. М.Өтеуов пен Ш.Төлегенұлы «Ғасырдан-ғасырға» естелік кітаптарында: «...1917 жылғы октябрь көтерілісінің прогрессивті маңызынан гөрі кертартпалық сипаты басым болды. Жұрттымыз қазақы мәдениеттен аластатылып, діни жолдан біржолата бездірілді. Міне, осы фактордың көрер көзге бұзылуынан дербес ел болған 1991 жылдан, күні бүгінге дейін көне соқпаққа түсे алмай келеміз. Көне соқпақ деп, халқымыздың салт-дәстүріндегі адамгершілік қағидасын айтып отырмыз [9, 57]» дейді.

XIX ғасырдың қазақ музыкасының «Алтын ғасыры» деп атайды, ал одан кейінгі XX ғасыр да тума таланттардан кенде болмағаны баршамызға белгілі. Бүгінгі таңда да қүй көшінің керуені бұзыла қойған жоқ. Қаршыға, Айтқали, Секен есімдерін атасақ та жеткілікті емес пе? Әр түрлі тақырыпта туған туындыларынан қазақтың "иісі" мен заманының самалы есіп түрады, демек мұндай туындылар қазақтың қүй өнерінен ойып тұрып орын алатынына күмәніміз жоқ.

«Күй тез орындалатын болып кетті, пернелер көбейіп кетті, қүй шүлдірлеп кетті» деген әңгімелерді құлағымыз шалатыны жасырын емес. Кешегі Рысбай, Қаршыға ағаларымыз тірі кезінде мұндай сөздерді ешкімнің айтуға батылы жете қоймайтын еді,

қазір кім болса сол аузына келгенін айта беретін заман болды ғой. Меніңше, күйді жылдам орындаі алмайтын ортаң қол домбырашылар ғана осындаі әңгімелерге жел беріп, өрбітетін сияқты болады да тұрады. Әйткенмен көпке топырақ шашудан әсте аулақпын.

Қаншама мыңжылдықты артқа тастап, қазақтың қазынасына айналып, рухани байлығымыз болған күй өнерінің тілі әлі мұқала қойған жоқ. Құрманғазы, Дәuletкерей, Динаны дүниеге әкелген қазақ халқы әлі талай дарабоз күйшілерді дүниеге келтіретініне көміл сенемін.

Әдебиеттер тізімі

1. **Сейдімбеков, А.** Сонар [Мәтін] : деректі әңгімелер / А. Сейдімбеков. – Алматы : Жалын, 1989. – 352 б.
2. **Шостакович, Д.** Знать и любить музыку [Текст] : Беседа с молодежью. – Москва: Мол. гвардия, 1958. – 15 с.
3. **Ливанова, Т.** История западно-европейской музыки до 1789 года. – Москва, 1983. – 696 с.
4. **Токжанов, Т.** Сырлы сарын. – Алматы, 2002. – 30 б.
5. **Мерғалиев, Т.** Қазақ күйлерінің тарихы . – Алматы, 2003. – 238 б.
6. **Сейдімбеков, А.** Сонар [Мәтін] : деректі әңгімелер. – Алматы : Жалын, 1989. – 352 б.
7. **Қоңыратбаев, Ә. Қоңыратбаев, Т.** Көне мәдениет жазбалары. – Алматы , 1991. – 400 б.
8. **Жүсіпов, Б.** Сыр бойының жыраулық-жыршылық дәстүрі [Мәтін] : Филологияғылымдарының кандидатығылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты / Жүсіпов Б.М. – Алматы, 1999. – 27 б.
9. **Өтешов, М. Төлегенұлы, Ш.** Фасырдан ғасырға. – Алматы: Дәуір ЖАК, 2000. – 320 б.

References (transliterated)

1. **Sejdimbekov, A.** Sonar : derekti ängimeler / A. Sejdimbekov. – Almaty : Žalyn, 1989. – 352 p.
2. **Šostakovič, D.** Znat' i lubit' muzyku: Beseda s molodež'û. – Moskva: Mol. gvardiâ, 1958. – 15 p.
3. **Livanova, T.** Istorîâ zapadno-evropejskoj muzyki do 1789 goda. – Moskva, 1983. – 696 p.
4. **Toķjanov, T.** Syrly saryn. – Almaty, 2002. – 30 p.
5. **Merǵaliiev, T.** Қазақ kūjleriniň tarihy . – Almaty, 2003. – 238 p.
6. **Sejdimbekov, A.** Sonar : derekti ängimeler / A. Sejdimbekov. – Almaty : Žalyn, 1989. – 352 p.
7. **Қoңyratbaev, Ā.** Қoңyratbaev, T. Kône mädeniet žazbalary. – Almaty , 1991. – 400 p.
8. **Žüsipov, B.** Syr bojupny žyraulyk-žyrşylyk dástùri [Mâtin] : Filologiâ ǵylýmdarynyň kandidaty ǵylimi dârežesin alu üšin dajyndalǵan dissertaciânyň avtoreferaty / Žüsipov B.M. – Almaty, 1999. – 27 p.
9. **Öteuov, M.** Tôlegenyly, Š. Ғасырдан ғасырга. – Almaty: Däuir ŽAK, 2000. – 320 p.

Автор туралы мәлімет:

Токжанов Толепберген Торахметұлы – Мәдениет қайраткері, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы домбыра кафедрасының доценті.

Садықов Салимгерей Багытқалиұлы – Мәдениет қайраткері, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы домбыра кафедрасының доценті.

Сведения об авторах:

Токжанов Тулепберген Торахметович – Деятель культуры, доцент кафедры домбры Казахской национальной консерватории имени Курмангазы.

Садыков Салимгерей Багыткалиевич – Деятель культуры, доцент кафедры домбры Казахской национальной консерватории имени Курмангазы.

Information about authors:

Tolepbergen Tokzhanov – Honored Worker of Culture, Associate Professor of the Dombra Department at Kurmangazy Kazakh National Conservatory.

Salimgerey Sadykov – Honored Worker of Culture, Associate Professor of the Dombra Department at Kurmangazy Kazakh National Conservatory.

МРНТИ 18.41.85

K. Қайрұлла¹

*Күрмангазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы
Алматы, Қазақстан*

ЖЫРАУ ЖАҚСЫЛЫҚ МАМЫТҰЛЫНЫҢ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

Түйін

Жақсылық Мамытұлы Қоңырат-Мойнақ өніріндегі жыр айту дәстүрінің дамуына үлкен үлес қосқан дарын иесі. Ақын-жыраулардың шығармашылығына зер салсақ, шартты түрде екі топқа бөліп қарастыруға болады. Біріншісі, ерте замандағы жыраулар қалыптастырған батырлар жыры, өсiet өлеңдер, нақыл, діни термелерді шығарумен айналысса; екіншісі, насиҳат термелермен катар өз дәүірін, ондағы жаңашылдықты, болып жатқан өзгерістерді жыр-термелеріне қосатынын байқаймыз. Өмірінің соңына дейін жыр жырлап, домбырасын қолынан тастамаған Жақсылық жыраудың шығармашылығы алуан түрлі тақырыпты қамтиды. Жалпы жыраулар поэзиясының дені – толғау, дидактикалық термеден тұратыны анық. Мақаламыздың қорытындысында Жақсылық Мамытұлының соңғыларға қалдырған әдеби және музикалық мұрасын жинақтап, зерттеу нысанына айналдыру парызымыз екенін айтқымыз келеді.

Тірек сөздер: Жақсылық Мамытұлы, жыраулық дәстүрі, өсiet өлеңдер, батырлар жыры, діни термелер, жыраудың заманауи тақырыптамасы.

K. Kairullah¹

*Казахская национальная консерватория имени Курмангазы
Алматы, Казахстан*

ЖИЗНЬ И ТВОРЧЕСТВО ЖЫРАУ ЖАКСЫЛЫКА МАМЫТУЛЫ

Аннотация

Статья посвящена описанию жизненного и творческого пути жырау Жаксылыка Мамытулы, внесшего большой вклад в развитие эпической традиций региона Конырат-Мойнақ Каракалпакстана. По образному содержанию творчество акына-жырау Ж. Мамытұлы можно условно разделить на две группы. К первой относится наследие прошлого, включающее героический эпос, песни-назидания, наставления, религиозные терме; ко второй – наряду с терме-назиданиями жыры-терме, в которых высказывается отклик на события современности. Творчество жырау Жаксылыка, до конца своих дней сказывавшего жыры, не выпускавшего из рук домбры, чрезвычайно разнообразно по тематике. Многогранное по жанровому составу наследие Жаксылыка Мамытулы недостаточно изучено и ждет своих исследователей.

Ключевые слова: Жаксылык Мамытулы, эпическая традиция, песни-назидание, героический эпос, терме религиозного содержания, современная тематика жырау.

K. Kairullah¹

*¹Kurmangazy Kazak National Conservatory
Almaty, Kazakhstan*

LIFE AND CREATIVITY OF ZHYRAU ZHAKSYLYK MAMYTULY

Abstract

The article is devoted to the description of the life and creativity of *zhyrau* Zhaksylyk Mamytuly, who made a great contribution to the development of the epic traditions of the Konyrat-Moynak region of Karakalpakstan. According to the figurative content, the creativity of *akyn-zhyrau* Zh. Mamytuly can be divided into two groups. The first includes the legacy of the past, including the heroic epic, songs of edification, instruction, religious *terme*; to the second along with *terme-edifications* includes *zhyr-termes*,

in which a response to the events of modernity is expressed. Creativity of zhyrau Zhaksylyk, who told zhyrs until the end of his days and played dombra, is extremely diverse in subject. The multifaceted legacy of Zhaksylyk Mamytuly is poorly studied and awaits for interested researchers.

Key words: Zhaksylyk Mamytuli, epic tradition, songs-edification, heroic epic, religious *terme*, modern themes of zhyrau.

Қарақалпақ жеріндегі қазақтар арасына арнайы экспедициямен барған зерттеуші Т. Бекхожина қазақтың 200 әні атты жинағында ол өнірдегі жыршылық дәстүр туралы айта келіп: «Дәстүр бойынша ол жерде қоғамдық және үй-ішілік той-думан ешуақытта жыраусыз өтпейді» [1, 6] деп жазған болатын. Бесқала аймағында жырауға, жырға деген құрметтің өзгеше екендігін өзге де ғалымдар мен зерттеушілердің айтқаны мәлім.

Бесқала аймағында жыршылығымен аты шыққан Жақсылық есімді екі жыраудың өмір сүргенін білеміз. Біріншісі – Жақсылық Төлепов болса, екіншісі – Жақсылық Мамытулы болатын. Сондықтан халық есімдерін атағанда әр жырауға руын қосып, Ж.Төлеповті «шекті Жақсылық» десе, Ж.Мамытулын «жоли Жақсылық» деп атаған. Біз бұл мақаламызда Жақсылық Мамытулы жөнінде әңгіме өрбітпекпіз.

Оның өмірі мен шығармашылығына қатысты деректерді белгілі ғалым Қаржаубай Жұмажанов «Қарақалпақ аймағындағы қазақ әдебиеті» атты еңбегінде біршама сөз етті [2]. Қ.Жұмажанов дерегі бойынша, Жақсылық Шымбай маңындағы «Мардан ата» деген жерде дүниеге келді десе, қолжазба қорында сақталған деректерде Қоңырат ауданының Карабура (кейінгі Свердлов совхозы) ауылында туған деп көрсетілген.

Жақында Өзбекстан Ғылым академиясының Қарақалпақстан бөлімінің Н.Дәүқараев атындағы Тарих, тіл және әдебиет институтының қолжазбалар қорынан Жақсылық Мамытовтың өмірі мен шығармашылығына қатысты мәліметтер табылды [3]. Бұл мәліметтерді 1960 жылы арнайы экспедициямен барған Қалбай Мәмбетназаров пен Жолдасбай Әбдікәрімовтер Жақсылық жыраудың өз аузынан жазып алған екен. Осы табылған деректе жырауды 1899 жылы Қоңырат ауданының Карабура деген жерінде дүниеге келген деп айтылады. Ер жете келе 1936 жылы «Есім ахұнға» көшіп келіп, «Ударник» колхозында жұмыс істеп, сол жылы Хожелі қаласындағы алты айлық бухгалтерлер дайындастын курста оқып, есепші-бухгалтер мамандығын алады. Әр жылдарда әр түрлі қызметте болған жырау бірде қоймашы болса, бірде ферме бастығы, колхозда «халық бастығы» болып қызмет істеген. «Бүгінгі күнде 61 жасында қарттар қатарында үйінде отыр» дедінген.

Осы қолжазбада «Толғау-толғау сөз келді», «Менің атым Жақсылық», «Домбыра қолға алайын», «Жаралғалы бұл дүния», «Оқысандар, жолдастар», «Әуелі сөз бастайын бір Алладан», «Жақсылық жыраудың ескі термесі», «Тілеумағамбет Ахметов пен Жақсылық жыраудың жұмбақ айтысы», «Өтеш батыр мен Марқабай хақында жыр», «Үйім бар Карабура Қоңыраттан», «Еркін облыс» т.б. терме-толғаулары мен жырлары бар.

Жақсылық Қоңырат-Мойнақ өніріндегі жыр айту дәстүрінің дамуына үлкен үлес қосқан дарын иесі. Сонымен қатар ол бірнеше ән де шығарған. Бүгінде Наурызбек жыраудың төл шәкірті Өсербай Сәрсенбайұлы Жақсылық Мамытулының «Ыңғай-ая» әнін айтып жүрсе, Жақсылықтан тікелей тәлім алған Бағымбай Жақсымұратов ұстазының «Көк айна», «Ән басын» әндерін үйреніп ел ішіне таратқан.

Жақсылық он бес жасынан бастап ән салып, өзі туып-өскен өнірдегі әнші, қүйшілерді, жыршыларды көп тыңдаған. Оның халық арасында әнші жігіт деген аты шыға бастаған болашақ жырау өсі келе жыршылардан «Қобыланды», «Қыз Жібек», «Қарасай-Қази» жырын үйренген. Жақын туысы болып келетін жырши Дариябай Төребаев Жақсылықтың әнші, жырау болып қалыптасуына ықпал еткен.

Жиырма бес жасқа келген жас жырау Қоңырат атырабында ғана жырлаумен шектелмей, Шымбай, Тақтакөпір, Қараөзек, Төртқұл, Шорахан, Шаббаз, Мойнақ және Түркіменстан жерінде де жыр жырлай бастайды.

Жақсылықтың даңқын шығарған 1926 жылы Шымбайдың «Жалғыз құм» деген жеріндегі Қосназар дегенін тойы екен. Сол тойда қарақалпақтың бақсы-жыраулары Әбдірасулі, Бегмұрат көр, Ерболат жырау және қазақ жыршыларынан Әбдімұрат, Серімбет, Дариябайлармен қатар отырып, бір құрда жырлаған Жоли Жақсылық та ел көзіне түсіп, қалаулы жыршыға айналады.

Ақын-жыраулардың шығармашылығына зер салсақ, шартты түрде екі топқа бөліп қарастыруға болады. Біріншісі, ерте замандағы жыраулар қалыптастырған батырлар жыры, өситет өлеңдер, нақыл, діни термелерді шығарумен айналысса, екіншісі, насхат термелермен қатар өз дәүірін, ондағы жаңашылдықты, болып жатқан өзгерістерді жыр-термелеріне қосатынын байқаймыз. Жақсылық жырау шығармашылығы осы айтылған екі бағытта да қатар дамыды.

Сөзіміз дәлелді болу үшін «Толғау-толғау сөз келді» атты толғауынан үзінді келтірсек:

«...Терме сөзім осындаі,
Келтірейін қошиңды-ай.
Әйел, еркек демеңіз,
Өнер, гылым оқыңыз,
Еркін қолың болсын-ай.
Дүшіпан көрме, жолдастар,
Пайданды айтқан досыңды-ай [3]. – десе,
«Жаралғалы бұл дүния» деп басталатын толғауында:

«Жаралғалы бұл дүния,
Неше гасыр, жыл өтті.
Неше түрлі ел өтті.
Әуелгі өткен замандар,
Сол кундегі адамдар,
Табигатқа құл болып,
Хайуания жасап күнелтті, –

дей келе, екінші келген заманда Мұхамбет пайғамбар шығып, жолбасшылық етіп, үмбетім деп зар жылап, халықты игілікке шақырғанын, үшінші келген заманда Еуропаның өнер-ғылым үйреніп, мұхитты аралап көріп, жаңа жер тауып, Американы ашқанын сөз етеді:

«Қожа болып Ерупа,
Қала салып мұлік етті.
Оқытты надан халықты,
Табигатты танытты.
Көзін ашып Ерупа,
Сонысын көрді жарықты.
Ғылым, өнер о баста,
Мұсылман халықтан қалыпты.
Ерупа халқы үйреніп,
Өрнек етіп алыпты...» [3].

Өлеңдерінен көріп отырғанымыздай, жыраудың сөздерінен оның көзі қарақты, арғыбергі тарихтан хабарлар, білімді азамат болғаны байқалады.

...Қанишама бай болсаң да Қарымбайдай,
Сақи бол мал жиссаң да Атымтайдай.
Патшадай Әмір Темір дін түзетін,
Болсаң да әйдік батыр арыстандай.
Болсаң да тілге шешен Жиренишедей,
Ақырда жатар орның тар лахат жай.
Падиша болсаң Стамбул, Құддыс, Шамга-ай,
Бұхар мен әмір етсең Үндістанда-ай.
Ағылышын, Қытай, Мәскеу, Үрімді алып,
Дін түзеп әмір етсең де бұл жаһанда-ай.
Алсаң да жеті ғылымды бәрін тегіс,
Жатарсың ақыры бір күні көрстанда-ай, – дейді.

Өмірінің соңына дейін жыр жырлап, домбырасын қолынан тастамаған Жақсылық жыраудың шығармашылығы алуан түрлі тақырыпты қамтиды. Жалпы жыраулар поэзиясының дені – толғау, дидактикалық термедин тұратыны анық. Жақсылық жырау Мамытұлының толғаулары мен термелері де жер бетіндегі өмірдің өткіншілігін, мәңгі еместігін тілге тиек етеді. Мақаламыздың қорытындысында Жақсылық Мамытұлының соңғыларға қалдырыған әдеби және музикалық мұрасын жинақтап, зерттеу нысанына айналдыру парызымыз екенін айтқымыз келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. **Бекхожина, Т.** Қазактың 200 әні. (Музыкалы-этнографиялық жинақ). Алматы. – 1972.
2. **Жұмажанов, К.** Каракалпақ аймагындағы қазак әдебиеті. Алматы: «Арыс». – 2006.
3. ӨзГА Қарақалпақстан бөлімі, Н.Дәуқараев атындағы Тарих, тіл, әдебиет институтының қолжазба қоры. Р-43

References (transliterated)

1. **Bekhozhina, T.** Kazak 200 ani. (Muzykaly-ehtnografiyalık zhinak). Almaty. – 1972 zh.
2. **Zhumazhanov, K.** Karakalpak ajmagyndagy kazak adebieti. Almaty: «Arys». – 2006 zh.
3. OzGA Karakalpakstan bolimi, N.Daukaraev atyndagy Tarih, til, adebiet institutynyn kolzhazba kory. R-43

Сведения об авторе:

Кайырлаев Кунжожа Исламжожаевич – магистр гуманитарных наук, старший преподаватель кафедры народного пения Казахской национальной консерватории имени Курмангазы.

Автор туралы мәлімет:

Қайрulla Күнқожа Исламқожаұлы – гуманитарлық ғылымының магистрі, Құрмангазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы халық әні кафедрасының аға оқытушысы.

Information about the author:

Kayrulla Kunkhozha – Master of Humanities, senior lecturer of the Folk Singing Department of Kurmangazy Kazakh National Conservatory.

МРНТИ 18.41.85

A. R. Пазылова¹

*¹Күрмангазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы
Алматы, Қазақстан*

АҚЫН МАЙЛЫҚОЖА СҰЛТАНҚОЖАҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ИДЕЯЛЫҚ-ОБРАЗДЫҚ СИПАТЫ

Түйін

Бұл мақала Майлықожа Сұлтанқожаұлының өмірі мен шығармашылығына арналған. Майлықожа шығармашылығын төрт тақырыпқа жіктеуге болатыны жазылған: 1) ғибрат, нақыл; 2) арнау өлеңдер; 3) дастан, мысалдар; 4) айтыстар. Автор *бірінші тақырыпқа* Майлықожа жеке басының тұрмыс тіршілігін қысқа өлеңге айналдырып, оған әлеуметтік астар беріп адам арасындағы теңсіздікті жеткізе білген шығармаларын жатқыздады. Майлықожа ислам дінін дәріпте, өлең арқылы оны халыққа насиҳаттай білген. Ақынның дін-ислам тақырыбында бес жұз жолға жүйік он бір шығармасы бар, атап айтсақ: «Алланың соққан имраты» - деп автор осы өлеңдің ғибраттық мәніне тоқталады. *Ал арнау өлеңдерінде:* «Тұрлыбекке», «Ескі мырза, манаптар begi, салы», «Алдаберген байға» т.б. арнау өлеңдерінде ақын адалдықты үағыздан, озбырлықты әшкөрелейтінің, өлеңдерден мысал көлтіріп, ашып жазады. Ақын Майлықожа Сұлтанқожаұлы «Қоян жылы жаумады көктен жаңбыр», «Жылдың төрт мезгілі», «Есі кеткен ел байғұс» толғауларында табиғат құбылыстарын қазақ ауылдарының тұрмысымен байланыстыра жырлап, сол арқылы замана шындығын, дәуір көрінісін суреттейтінін *үшінші тақырыпта* көрсетсе, соңғы төртінші тақырыпта ақынның данышпандығын дәріпте, оның қырғыздың ақын Жаныспен болған айтысынан үзінді көлтіріп, білімділігіне назар аудартады. Автор Майлықожаның ақын фана емес, сонымен қатар жазушы болғандығын, нақты деректер көлтіре отырып сипаттаған. Ұзак уақыттар бойы жырларының жарыққа шыға алмағандығына өз қынжылысын да білдіреді.

Тірек сөздер: Майлықожа Сұлтанқожаұлы, толғау, терме, айтыс.

A. R. Пазылова¹

¹Казахская национальная консерватория имени Курмангазы

Алматы, Казахстан

ИДЕЙНО-ОБРАЗНЫЙ ОБЛИК СОЧИНЕНИЙ АҚЫНА МАЙЛЫҚОЖЫ СҰЛТАНҚОЖАУЛЫ

Аннотация

Данная статья посвящена жизни и творчеству Майлыкожи Султанкожаулы. По тематике сочинения Майлыкожи можно разделить на четыре группы: 1) назидание, притча; 2) песни-посвящения; 3) дастаны, басни; 4) айтысы. Рассматривая короткие песни о быте народа от лица Майлыкожи, автор относит к *первой группе* его произведения с социальным подтекстом о неравенстве в обществе. Восхваляя ислам, Майлыкожа пропагандирует его народу через песню. Из приблизительно пятисот песен ақына религиозно-исламской тематике посвящено 11 сочинений, в частности: песней «Алланың соққан имраты» автор обращается к идеи нравственности. В таких песнях-посвящениях, как «Тұрлыбеку», «Ескі мырза, манаптар begi, салы», «Алдаберген байға» и других ақын, давая нравственные наставления, разоблачает несправедливость, приводя примеры из песен. В песнях «Қоян жылы жаумады көктен жаңбыр», «Жылдың төрт мезгілі», «Есі кеткен ел байғұс» ақын Майлыкожа Султанкожаулы поёт о явлениях природы, связанных с бытом казахского аула, показывая реалии своей эпохи, рисует облик эпохи в произведениях *третьей группы*. В последней четвёртой тематической группе возвеличивается гений поэта. В приводимом отрывке его айтыса с кыргызским ақыном Жанысом уделяется внимание образованности. Автор характеризует Майлыкожу не только как ақына, но и как писателя, приводя конкретные сведения. К сожалению, в течении долгого времени поэмы Майлыкожи не публиковались.

Ключевые слова: Майлыкожа Султанкожаулы, толғау, терме, айтыс.

A. Pazylova¹

¹Kurmangazy Kazak National Conservatory
Almaty, Kazakhstan

IDEAS AND IMAGES IN THE CREATIVITY OF AKYN MAILYKOZHA SULTANKOZHAULY

Abstract

This article is devoted to the life and work of Mailyk Sultankozhauli. On the subject of the composition of Mailyk can be divided into four groups: 1) edification, parable; 2) singing songs; 3) dastans, fables; 4) aitys. Considering short songs about the life of the people on behalf of Mailyk, the author refers to the first group of his works with a social implication about inequality in society. Praising Islam, Maylykozha propagandizes his people through a song. Of about five hundred songs of akyn, 11 essays are devoted to religious and Islamic themes, in particular: the author refers to the idea of morality by the song "Allany sosan imrata". In such song-dedications as "Turlybeku", "Eski myrza, manaptar begi, saly", "Aldabergen Bayfa" and other akyn, giving moral instructions, expose injustice, citing examples from songs. In the songs "Yoyan zhaly jaumada kekten zhabyr", "Zhyldyң төрт mezgili", "Esli ketken el bajus" akyn Mailykozha Sultankozhauli sings about the phenomena of nature connected with the life of the Kazakh aul, showing the realities of his era, depicts the appearance of the era in the works of the third group. In the last fourth thematic group the poet's genius is exalted. In the quoted passage of his aitys with the Kyrgyz akyn Janys attention is paid to education. The author characterizes Mailyk not only as akyn, but also as a writer, giving specific information. Unfortunately, for a long time the poems of Mailyk have not been published.

Keywords: Mailykozha Sultankozhauly, tolgau, terme, aitys.

*Сөйлер сөзге келгенде
Ақындардың дүри едім,
Әнишейінде көргенде
Көп қазақтың бірі едім
Майлықожа (1835-1898)*

Өзін осылай таныстыратын Майлықожа ақынның қазақ әдебиетінің тарихында алатын орны ерекше екені еш дау туғызбаса керек.

XIX ғасыр, қазақ өнерінің шынына шыққан – алтын ғасыр. Осы ғасырда небір әнші-қүйшілеріміз, сал-серілеріміз, ақын-жазушыларымыз, жыршы-термешілеріміз дүниеге келген. Дәстүр – ғасырлар бойы қалыптасқан әдет-ғұрып, салт-сана, өнер мен поэзияның өмір сүру аясы. Бүгінде, Қазақстанның кейбір аймақтарында ғана сақталып, оның өткеніне, көне сарындарына қатысты мәліметтер жеткізетін бұл қазынамыздың ұлттық тарихымызға, мәдениетіміз бен өнерімізге, әдебиетімізге қатысы аса зор [3,3]. Бүгінде қазақ жерінде термені сақтап қалған онтүстік өнір.

Сыр бойында қазақтың байтақ шаһарлары ежелден береке мен байлықтың ордасы болған. Үнді мен Қытай, Иран мен Ауғанстан, тіпті алыстағы Мысыр елінен тартылған керуендер осы қалаларда дамылдап, әкелген тауарларын осы жерде саудалар еді. Керуенмен ілесіп келген алыс елдің әнші-қүйшілері шайханалар мен әмірлердің сарайларында өнерлерін риясyz төгетін болған. «Ырыс-жұғыс, өнер-ауыс» деген. Оның үстінен ел иесі, жер иесі- көшпелі қазақ өзіне ұнаған өрнекті жатсынбай алатын, жақсыны жанына жақын тұтатын халық қой. Міне кенересінен асып-төгілген сақараның бұла мәдениеті Шығыстың кемел мәдениетімен осылайша ұштасқан [4,5].

XIX ғасыр әдебиетінде есімі ерекше аталатын «терең ойлы шындықты ту еткен» шайырлардың бірі – Майлықожа Сұлтанқожаұлы. Тәкен Әлімқұловтың: «Абайға дейінгі ақындардың күллі қазаққа танымал алты тарланы – Асан қайғы Сәбитұлы, Бұқар жырау Қалқаманұлы, Тілеуке Құлекеұлы (Шал ақын), Дулат Бабатайұлы, Шернияз

Жарылғасұлы, Майлықожа Сұлтанқожаұлы», – деп көрсетуі сөзіміздің дәлелі болмақ. Майлықожа – Бұқара, Самарқан, Ташкент сияқты мәдениет орталықтарында болған. Әсіресе Науай, Фирдауси, Низами сияқты ғұламаларға ден қояды. Бұл пікір ақын шығармаларының өзіндік ерекшелігін тағы бір аңғартқандай.

XIX ғасыр әдебиеті жанрлық және көркемдік жағынан қайта түлеп, тақырып аясын барынша қенейтті. Дегенмен Майлықожа ақынның жыраулар поэзиясының дәстүрін мықтап ұстанғанын бәріміз білеміз. Осыған орай «Бес ғасыр жырлайды» жинағында: «Майлықожа ақынның түр жағынан енгізген тың жаңалықтары жоқ. Солай бола тұра, ол Шығыс әдебиетінің үлгілерімен жақсы таныс болғандықтан, өз шығармаларының өрісін қенейтуге, оларға жаңа өрнек, бояу беруге мүмкіншілігі мол екенін аңғарамыз», - делінген [1, 25].

Майлықожа Сұлтанқожаұлы – Сырдария өзенінің бойында, бұрынғы Қызылқұм ауданы, қазіргі Отырар ауданына қарасты "Қожатоғай" қаракөл қой совхозында 1835 жылы дүниеге келген. Он төрт жасында ата-анасынан айырылып, өмір тауқыметін ерте көтереді. Құн көріс қамымен қаралы жандарға жоқтау шығарып, ел арасында ән айтып жан бағады, нағашысы Мәделіқожаның тәрбиесінде болады. Майлықожаның бойындағы сөз өнеріне деген бейімділікті байқаған Мәделіқожа оны қасынан тастамай ертіп жүреді. Әкесі қөзінің тірісінде баласы Майлықожаның арабша сауатын ашады. Кейін келе шығыс әдебиетін оқиды. Майлықожаның қандай да бір өлеңін оқысақ ескіше араб сөздерін кездестіреміз.

Майлықожа шығармалары жұрт назарына ерте ілінеді. Ақын өлеңдері 1917 жылғы революцияға дейін жарық көргені мәлім. Майлықожа Шығыс әдебиетімен танысып қана қоймай, оны қазақ тіліне аударып, діни қиссалар сюжетіне дастан жазумен де айналысқан. «Зарқұм» үлгісінде «Абдолла бала» жырын шығарған. «Тотынаманы» өзінше, қысқаша толғаған. Майлықожаның кейбір толғаулары баспа бетін ерте көрген. Түркістан мұғалімдер семинариятының оқытушысы Я.Я Лютш құрастырып 1883 жылы Ташкент қаласында басылған «Қырғыз хрестомастиясы» атты жинақта, Майлықожаның бірнеше ұзақ толғаулары басылады. Олар: «Райымқұлға», «Қасқыр», «Ноғай мырзага», «Үш жігіт» деп аталады. Райымқұлдай мансапқорларды қатты сынаған. «Ноғай мырзалар» деген ұзақ толғауында оны адап болуға, адамгершілікке шақырады.

«Қасқыр» атты өлеңінде ақын өзі тойса да, көзі тоймайтын қасқыр мінезді жыртқыштар тобын сынайды. Бұл жинақ Түркістан аймағын мекен еткен қазақ халқының әдеби фольклорлық танымының нұсқасы болып табылады [2, 3].

Майлықожаның әдеби мұрасын жанры мен мазмұны жағынан төрт тақырыпқа бөлуге болады.

1. Фибрат,нақыл: «Ер көгерер дұғамен», «Жақсы адам қартайса», «Жолдас болса жақсымен».
2. Арнау өлеңдер: «Ахмет төреге», «Тұрлышекке» т.б.
- 3.Дастан, мысалдар: «Қасқыр», «Тотынама», «Анқау мен құ» т.б.
4. Айтыстар: «Құлыншақ», «Сүйінбай», «Ұлбике», «Мәделі Жүсіпқожаұлы» т.б.

Майлықожа жеке басының тұрмыс тіршілігін қысқа өлеңге айналдырып, оған әлеуметтік астар беріп адам арасындағы теңсіздікті жеткізе білген ақын. Майлықожа ислам дінін дәріппеп, өлең арқылы оны халыққа жеткізе білген. Ақынның дін-ислам тақырыбында бес жұз жолға жуық он бір шығармасы бар, атап айтсақ: «Алланың соққан имраты»

«Алал, арам деген бар»
 «Дұниеге көңілім сүйнерсін»
 «Адал дінің, иман дүр»
 «Он сегіз мың әлем халық»
 «Жаратқан құдай пәндесін»
 «Иман таппақ шын дәulet»
 «Тіліме жат алайын бісмілләні»

«Өнермен өзін берген».

Бұл өлең жыр, толғауларын алып қаастыратын болсақ, өзінің Ұлы ұстазы Қожа Ахмет Яссай жазып қалдырыған «**Кемелдік кешені**» уағыздайтын, қанағатшылдық, ададық, әділдік, әдептілік, төзімділік секілді адамгершілік мұраттарын жырлаумен ерекшеленеді. Бұл жерде Майлышқожаның ислам дінінің тарихын терең билетіндігін байқаймыз, сонымен қатар адамның өмір тіршілігімен байланысты екенін анық айта білген.

Мәселен: Алланың соққан имраты

Өле-өлгенше шыдайды,
Адам соққан имрат,
Аз пұрсатта құлады

- дегені, дін-шаригат жолы ақиқат жолы екендігіне көз жеткізеді [2,11]. Майлышқожа шығармаларында ең көп жырланған тақырыптардың бірі - адамгершілік мәселесі.

Мысалы: Өңкей жақсы қосылса,
Бітіреді кеңесті.
Өңкей жаман қосылса,
Шығарады еgestі

Немесе

Жаман сөйлер халықтан,
Бастағы мінін жасырып.
Жақсы сөйлер халыққа,
Қызметін асырып

Немесе: Жақсы адам қартайса,
Көкірегі хат болар.
Жаман адам қартайса,
Бықсып жатқан шоқ болар

– деп адам бойындағы жақсы, жаман қасиеттерді сарапап, салыстырып көрсетеді. Ал, "Жақсы болсын жұбайың" толғауында жақсы жар мен жаман қатынның арасы жер мен көктей дей келіп, ақын шығармасын: Жаман қатын жігіттің,

Тайдырады табанын,
Тар қылады заманын.
Жақсы қатын жігіттің,
Адам қылар жаманын,
Ұшқыр қылар шабанын,

Немесе: Жақсы болса алғаның,
Қоғамды болар жан-жағың.
Жаман болса алғаның,
Үйіңден кетпес жанжалаң

– деп жігіттің жақсы-жаман болуы жақсы жарға байланысты екендігін және сол үшін отбасында қыз балаға жақсы, өнегелі тәрбие берілу керек екендігіне айрықша назар аударады.

Ақынның «Ілімге толсын көкірек», «Жөн білсең, жолдасыңа жоба көрсет», «Дүниеге мейман көңілім» т.б. толғаулары да осы тақырыпқа арналған.

Өлшеніп берген өмір бар,
Уақытыңмен жүрерсің.
Сағынар сауық-күлкіні-ай,
Қызықтырған тұлкідей,

Дүние өтер бір күні-ай,- деп фәни жалғаның өткінші екендігін айта келіп, қамшының сабындағы қысқа ғұмырда ойна да күл деп жырлайды. Майлышқожаның «Ажал

бір келмес болсайшы», «Не жүйрік өтті дүниеден», «Дүние», «Уа, замана» сынды шығармалары - осы сарында толғаулар.

Ал арнау өлеңдерінде: «Тұрлыбекке», «Ескі мырза, манаптар бегі, салы», «Алдаберген байға» т.б. арнау өлеңдерінде ақын адалдықты уағыздан, озбырлықты әшкөрелейді. Мәселен:

Әкімі жүр ұрыны тыямын деп,
Тіл алмаса, желкесін киямын деп.
Би мен болыс басының пайдасында,
Парасын ап дүниені жиямын деп.
Бейбактардың басына бақ қылып жүр,
Арам жеңіп, адалды жақ қылып жүр.
Ақша беріп, билерді антқа салсаң,

Мөрін басып, қара істі ақ қылып жүр,- дейді «Ескі мырза, манаптар бегі, салы» арнау өлеңінде. «Ұрлықтың түбі қорлықты» атты толғауында Майлықожа ақын «есің болса, ұрлық жасама» дей келіп, барымтамен күн көріп келгендерді:

Ұрлығынды тыймасаң,
Тобаңнан көңілің жаңылып,
Саныңа кісен тағылып,
Тескентаудан асарсың.
Артыңа байлап шалаңды,
Жат елдің шаңын басарсың,- деп сақтандырады.

Енді бірде: Ерінбей бейнет еткеннің,
Еңбегі дейді жанады.
Жақсы болып өседі,
Осылай қазақ деседі,- деп жастарды еңбекке баулиды.

Ақын Майлықожа Сұлтанқожаұлы «Қоян жылы жаумады көктен жанбыр», «Жылдың төрт мезгілі», «Есі кеткен ел байғұс» толғауларында табиғат құбылыстарын қазақ ауылдарының тұрмысымен байланыстыра жырлайды, сол арқылы замана шындығын, дәуір көрінісін суреттейді.

Мысалы: Төрт ай қыстан жаз шықты өлмегенге,
Ондай қыс туған емес ел дегенге.
Қысы жұт, көктем балық қыншылық,
Ұшырады ел екі тосат көлдененге.

Майлықожа ақынның Сүйінбай, Мәделқожа Жүсіпқожаұлы, Құдеріқожа, Құлышақ, Айман-Гұлханым, Ұлбике, қырғыз ақыны Жаныстармен сөз сайыстыруы ақынның ойлы шындықты ту еткен білімді шайыр екеніне көз жеткіземіз.

Мысалы, замандасы Құлышақ ақынның:

«Майлы, Майлы дегенмен май болмадың,
Жұрттан алып жегенмен бай болмадың» - дегеніне Майлы ақынның лезде сөз тауып:
Сен Құлышақ болғалы талай болды.
Не құлын, не жабағы тай болмадың.

Немесе Гұлханым арудың:

Кедей қызды жылқысы көп бай алады-деген әзіліне:

Майлықожа: Бибіміз тегін қызды күндеңейді,
Алдың деп мұны қайдан үндеңейді.
Батыр бір оқ, бай бір жұрт бәрі бекер,
Дүниенің байлығы тілде дейді, - деп орнықты, ойлы жауап берді.

Қырғыздың Асыл деген байының тойында қазақ ақындары бет қаратпаған Жанысты тарих жолымен жіпсіз байлап:

Молдалар кітап оқып мән айтады.
Білмесе бекер сөзді неге айтады.
«Қыс-асыл әмбиенің» кітабында

Қырғыздың ата тегін ит деп айтады – деп иттей қапқан Жаныс ақынды Жолбарыстай талауы Майлышының мықтылығы. Бұхара, Самарқанд, Ташкентте білім алғандығының септігі [5, 1].

Патша үкіметінің Қазақстан мен Орта Азия халықтарын өктемдікпен құлға айналдыру әрекетіне онтүстіктің күнгей ақыны Майлышоқжа да қарсы екендігін өзінің жыр жолдарымен жеткізе білді.

Жапалак тудың сұнкардан,
Жалтақтап жауға шабалмай

деп жырлағаны. Майлышоқжаның "Шалқып жатқан жерім-ай", "Қабіріңе айтар зарым бар", "Қонысты орыс алғанда", "Заманың қырын боп кетті" - деген жыр жолы, Ресей бодандығына қарсы екендігін анық көрсетеді.

Мысалыға: Масаттың басы күрең сай,
Жайнаушы еді кілемше-ай.
Гүлдер өскен сол жерді,
Орыс алды-ау, құдай-ай.

немесе: Жеріңің қамын ойла жұрт,
Желкене мұжық мінді енді.
Қонысыңдан айрылсан,
Мал жимаққа сын болды

– деген ақын жырларынан, амалы таусылып, ертеңгі құннен үмітін үзіп тоқырай тоқтағанын көруге болады [2, 5]. Қеңес үкіметінің боданында болып барымыздан айырылып, білгенімізді ұмытқан заман да өтті. үкіметіне қарсы шығып, құғын сүргінге ұшыраған ақындарымыз: Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Жұсіпбек Аймауытов сияқты арыстарымыз, елім деп еңіреп өтті.

Ақынның өлеңдері ислам қағидаларын насиҳаттап Ресей бодандығына қарсы болғандықтан, қеңес үкіметі кезінде зерттелмей көлеңкеде қалып қойды. Жетпіс жыл қеңес үкіметінің шенберінен шыға алмаған кезде, ақын жазушыларымызды, батырларымызды ұмытып, тілімізді, дінімізді жоғалтуға шақ қалдық.

Түркі тілдес халықтың баяғы-бағзы заманнан, өз жазу-сызуы болған. Батыс халқынан жеті ғасыр бұрын «**Оғызнаманы**» туғызған халық, VII-VIII ғасырларда «**Құлтегін**», «**Тоны көк**», «**Білге қаған**» секілді құнды құжаттар қалдырған. Бертін келе Махмұт Қашғаридің «**Түркі тілдерінің сөздігі**», Жұсіп Баласағұнның «**Құтты білік**», Қожа Ахмет Яссайдің «**Кемелдік кешені**» – деген кестелі, зерделі өлең жинақтарын біле тұра білмегендік [2,5]. Тілімізді, дінімізді ұмыттық. 1972 жылы "Нақыл" деген Майлышоқжаның алғашқы өлеңдер жинағы, пышақтың қырындай болып жарыққа шықты. Бұл жинақта Майлышоқжаның өлеңдерінің басым көшпілігі діни тақырыпта болғандықтан, ақынның өлеңдеріне көптеген өзгерістер енгізді, атап айтсақ, шаригат, алла, құдай деген сөздер өзгерілді [2,10].

Қаламгер еңбектері ішіндегі соңғы кездерге дейін еленбей келген, көңіл айту мен жоқтаулары тағы бар. Бұлардың қай-қайсысы да көлемі мен көркемдік жағынан қомақты дүниелер қатарына жатады. Мәселен: 748 тармақтан тұратын тұтас бір сырлы дастан тұрғысын танытатын «**Дүние-ай түбің жалған бос екен де**» – деп аталатын ұзақ жоқтауы Төле би әuletі Шойбек датқаның баласы Момынбек болыстың қазасына қатысты

шығарылған жоктау, дегенмен де бұл жоктау қазактың ертедегі тұрмыс-тіршілік тарихынан да едөүр елес береді [2, 13].

Майлықожа ақын ғана емес, сонымен қатар жазушы да болған. Қазақ аудыз әдебиетін жинаушы әрі зерттеуші башқұрт бауырласымызы Әбубекір Ахметжанұлы Диваев, Майлықожаны ақын ғана емес - қазақ аудыз әдебиетінің сақтаушысы, насихатшы, шебер өңдеуші жазушы ретіндегі қырын көрсетті. Ә. А. Диваев Майлықожаның өз аудынан лирикалық өлеңдер мен ғашықтық жырларды, ертегілер мен мысал өлеңдер, казак арасында кең тараған «Алдар көсе мен шық бермес Шығайбай», «Жиренше» жайындағы әңгімелерді жазып алған және бұл ертегілерді «Сырдария облысының санақ мәліметтері жинақтарында», басқа да басылымдары орыс тіліне аударылып жарыққа шықты [2, 16].

Әдебиеттер тізімі

1. Бес ғасыр жырлайды : 15 ғасырдан 20 ғасырдың бас кезіне дейінгі ақын-жырауларының шығармалары. Екі томдық. 2-том / құраст.: М. Байділаев, М. Мағаун. –Алматы: Жазушы, 1989. – 496 б.
2. Майлықожа: (шығармалар) / құраст. Ә. Оспанұлы. – Алматы: Атамұра, 2005. – 863 б.
3. **Оспанов, Б.** «Дад» дастаны / Оспанов Б. – А. : Сорос-Қазақстан қоры, 2002. – 272 б.
4. **Жүсіпов, Б.** Жиделі-Байсын күйлері. – Алматы: Ғылым, 2000.
5. **Төлебаева, А. Т.** Майлықожа Сұлтанқожаұлы – тақырыптық, көркемдік ерекшеліктері. [Электрондық ресурс] URL: http://www.rusnauka.com/20_TSN_2016/Philologia/7_214371.doc.htm

References (transliterated)

1. Bes ǵasyr žyrlajdy : 15 ǵasyrдан 20 ǵasyrdың bas kezine dejingi akyń-žyraularynyň šygarmalary. Eki tomduq. 2-tom / կұраст.: M. Bajdildaev, M. Maǵauin. –Almaty: Žazušy, 1989. – 496 p.
2. Majlykoža: (šygarmalar) / կұраст. Á. Ospanylı. – Almaty: Atamұra, 2005. – 863 p.
3. **Ospanov, B.** «Dad» dastany / Ospanov B. – A. : Soros-Қазақстан қоры, 2002. – 272 p.
4. **Žüsipov, B.** Židelі-Bajsyn kujleri. – Almaty: Ғylym, 2000.
5. **Tolebaeva, A. T.** Majlykoža Syltankožaýly – taǵyryptyk, kôrkemendik erekşelikteri. [Èlektronдық resurs] URL: http://www.rusnauka.com/20_TSN_2016/Philologia/7_214371.doc.htm

Автор туралы мәлімет:

Пазылова Айткул Раманқұлқызы – Курмангазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы ғылыми-зерттеу фольклорлық зертханасының кіші ғылыми қызметкері.

Сведения об авторе:

Пазылова Айткуль Раманкуловна – младший научный сотрудник научно-исследовательской фольклорной лаборатории при Казахской национальной консерватории имени Курмангазы.

Information about the author:

Aitkul Pazylova – assistant researcher of the Folklore Research Laboratory at the Kurmangazy Kazakh National Conservatory.

ЖАС ЗЕРТТЕУШЛЕРДІҢ МАҚАЛАЛАРЫ

СТАТЬИ МОЛОДЫХ ИССЛЕДОВАТЕЛЕЙ

ARTICLES OF YOUNG RESEARCHERS

МРНТИ 18.41.85

A. Серікболова¹

*¹Күрмангазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы
Алматы, Қазақстан*

САЗ ӨНЕРІ ЖАЙЛЫ ХАЛЫҚТЫҢ ДӘСТҮРЛІ ТҮСІНІКТЕРИ

Түйін

Бұл мақалада жарық көрген Жәнібек Кәрменов, Бағлан Бабіжан жинақтарында баяндалған саз өнері, ән орындаушылары жайлы шашырып жатқан түсініктері жүйелі баяндалады. Мақаланың мақсаты: әр түрлі өлең жинақтарында шашырып жатқан халықтың саз өнері туралы түсініктерін жүйелеп, ол арқылы халықтың музикалық эстетикасы жайлы түсініктерді баяндау болып табылады. Практикалық маңыздылығы: заманауи вокал мамандарын қазақ халықтың ескі түсініктерін сусындана отырып, оларды ұлттық құндылықтармен таныстыру. Бұл мақаланың нәтижелері орындаушылық өнер тарихы сабағына қосымша дерек көзі бола алады. Кез келген ұлттың өзіндік кескін-келбеті мен болмыс-бітімін айқындастырып ұғымды, оның өзіне тән ұлттық мәдениеті дейтін болсақ, қазақ мәдениетіндегі ән өнерінің алар орны ерекше. Ән өнері халықтың ғұмыр шежіресінің бір үлкен арнасы, ұрпақтан-ұрпаққа ән-күйі, ауыз әдебиеті арқылы таралған. Ән-күй өмірінің соңына дейін адам баласымен бірге өтетін табиғи зандаудың өзіндік. Ән өнері халықтың ғұмыр шежіресінің бір бөлігі. Қарастырған әннің мәтіндеріндегі орындаушылық мәнер туралы халық түсініктері ауызша дәстүрмен сақталған және қоғамға таныс ұлттымыздың тұтас түсініктер жиынтығы барын дәлелдей отыр.

Тірек сөздер: ән өнері, халық әні, дәстүрлі түсініктер, халық әншілері, дауыс түрлері, қара өлең.

A. Серикболова¹

*¹Казахская национальная консерватория имени Курмангазы
Алматы, Казахстан*

НАРОДНЫЕ ПРЕДСТАВЛЕНИЯ О МУЗЫКАЛЬНОМ ИСКУССТВЕ

Аннотация

В данной статье подробно рассмотрены разбросанные по поэтическим текстам песен сборников Жанибека Карменова и Баглан Бабижан представления об искусстве, об исполнителях. Цель статьи: на основе анализа многообразных текстов песен раскрыть музыкально-эстетические представления народа об искусстве. Практическая ценность: восполнить пробелы в знаниях современных вокалистов об архаичных представлениях казахского народа, их значимостью. Результаты данной статьи могут быть исполнены в качестве дополнительного материала в уроках истории исполнительского искусства. Если облик любого народа и его самоопределение отражаются в народной культуре, место песенного искусства в казахской культуре особенное. Искусство песни – это путь сохранения и передачи летописи жизни народа, из поколения в поколение распространявшейся через песни, через устную литературу. С детства и на протяжении всей жизни песня была от природыенным спутником человека. Песенное искусство – часть жизнеописания народа. На примере текстов рассмотренных песен доказана системность народных представлений об исполнительском стиле, сохранившихся в устной традиции и известных обществу.

Ключевые слова: песенное искусство, народная песня, традиционные представления, народные певцы, типы голосов, кара олен.

A. Serikbolova¹

¹*Kurmangazy Kazak National Conservatory
Almaty, Kazakhstan*

FOLK NOTIONS ON ART OF MUSIC

Abstract

The representations about art, about the performers scattered around the poetic lyrics of the collections of Zhanibek Karmenov and Baglan Babizhan are examined in detail in this article. The purpose of the article is to reveal the musical and aesthetic ideas of the people about art on the basis of an analysis of the diverse texts of songs. Practical value: to fill gaps in knowledge of modern vocalists about archaic representations of the Kazakh people, their importance. The results of this article can be performed as additional material in the lessons on the history of performing arts. If the image of any people and its self-determination are reflected in the folk culture, the place of song art in the Kazakh culture is special. The art of song is the way to preserve and transmit the annals of the life of the people, from generation to generation spread through songs and through oral literature. From childhood and throughout life, the song was a given by nature human companion. Song art is a part of the biography of the people. On the example of the texts of the songs examined, the systemic nature of the people's notions of performing style, preserved in the oral tradition and known to society, is proved.

Key words: song art, folk song, traditional performances, folk singers, types of voices, *kara olen*.

Қазақтың әні туралы дәстүрлі түсініктері арнайы зерттеуді қажет етеді. Бұған бірден бір дереккөзі халықтың өзінің ән мәтіндерінде айтылған түсініктері. Осы тараудың мақсаты өлеңде айтылған ұғымдарды, түсініктерді, халықтың музика туралы болмысын, өлеңде шашырап жатқан ойларын жинақтап, жүйелеп, оны халықтың эстетикалық түсініктері етіп көрсету еді. Сол себепті біздер осы мақаланың негізгі дереккөзі ретінде халық әндері, қара өлеңдерін негізге алып отырмыз. Олар Б. Бабіжан «Қазақтың жүз қара өлеңі», Ж. Кәрменовтың «Қазақ халық әндерінің антологиясы» жинақтардан алынған. Халық әншілерінің ән мәтіндерімен қатар, саз өнері жайлы айтылып кеткен сал, серілер ойларын да негізге алып отырмыз. Олар Біржанның, Ақанның, Әсептің т.б. дәстүрлі әншілердің жарық көрген ән жинақтары.

Қай халықтың болмысында да өз ұлттық өнері мен дәстүрін ерекше ынтамен дамытуға тырысу, оны жаңа заманға әкелген жаңалықтармен сабактастыра отыру байқалып отырады. Кез келген ұлттың өзіндік кескін-келбеті мен болмыс-бітімін айқындастын ұғымды, оның өзіне тән ұлттық мәдениеті дейтін болсақ, қазақ мәдениетіндегі ән өнерінің алар орны ерекше. Данышпан Абайдың «Тұғанда дүние есігін ашады өлең, өлең мен жер қойнына кірер денең», деген сөздері қазақ өмірінің бүкіл тыныс-тіршілігі өлеңмен өрнектелетінін айқын көрсетеді.

Қазақ халқының мерей тұтып, мақтаныш етер асыл мұрасы, рухани жәдігерліктері ішінде замана сүзгісінен етіп, бүгінгі ұрпақтың еншісіне жеткен ән қазынасы қашаннан дәстүрлі өнердің қаймағы саналады. Ән өнері халықтың ғұмыр шежіресінің бір үлкен арнасы, ұрпақтан-ұрпаққа ән-күйі, ауыз әдебиеті арқылы таралған. Ән-күй өмірінің сонына дейін адам баласымен бірге өтетін табиғи зандалық. Ән өнері халықтық ғұмыр шежіресінің бір бөлігі. Бабаларымыз көшпелі өмір салты кезінің өзінде-ақ, балалардың музикалық және эстетикалық тәрбиесіне зор көніл бөлген. Кешкүрим киіз үйге жиналып, қосылып ән айтып, күй тарту ұрдісі ешқандай әлеуметтік сатыға бөлінбейтін, өзіндік талғамды тәрбие беретін өнер мектебі еді. Халық әндерінің қай-қайсысын алып қарасаңыз да бір-бірін қайталамайтын өзіндік ерекшелігімен құлақ құрышын қандырады. Сонымен қатар, рухани байлық тәрбиелік мағынаны да қоса атқарады.

Халық әндерінде әншінің жеке қасиеттері туралы түсініктер негізінен әншінің мінездекелбеті, дауысы жайындаған емес, суырып-салма өнеріне байланысты. Соңғысы әнші үшін аса қыын соқпайтындығы әндердің өлең мәтіндерінде жиі айттылады.

Халық әндері суырып-салма дәстүрінде болғандығын көрсетіп отыр. Мысалы, «Өлең деген неменеге өнерпазға, Өлең тұрмак сөз қыын ақылы азға»[1, б. 27] деген өлең жолдары арқылы шығару ән атаулыны шығару қыын еместігін, әнді табан астында шығару дәстүрі таралғандығын, бұл нағыз қазақ әншілерінің қолынан келетін, қыындық туғызбайтын іс екенін ашық жазады.

Сол секілді кәсіпқой әншілердің аттары аталмаса да, бірақ олар бірте-бірте суырылып шыға бастаған, сондыктан өзінің дәрежесін, дауысының жақсы екендігін біле тұра, соны мақтан етіп айтқан: «Ән салсаң өзімдей сал ширатылып» [2, б. 83]. Өзінің әншіге тиісті қасиеттерінің бар екендігін көре отырып, өз өнерін мақтан еткен өнерпаздар ойларын жоғарыда келтірілген өлең жолдарымен жеткізген. «Ән салсаң өзімдей сал» қара өлеңде жиі кездесетін өлең жолдары сонымен бірге суырып салма дәстүрдің кең етек алыш, оқыту жүйесі құйма құлақтың тәсілмен жүргізілгендей байқатады. Бетпе-бет отырып үйрету тәсілінен гөрі жәрменкелер мен ойын-тойларда ұстазының шеберлігін, өнерінің ұтымды жақтарына еліктей отырып, өнері тыңдалған әнші уақыт өте келе өзі көздеген шындарды бағындырды.

Әйтсе де, халық әндерінде назар негізінен дауыска ауады. Дауыстың қасиеттері өте тыңғылықты, тиянақты баяндалады. Мысалы, дауыс қасиеттерінің сипаттамасына келер болса:

-біріншіден, дауыс әдетте құстардың сайраған дауыстарымен салыстырылады. Олар қазақта киелі саналған бұлбұл, сандуғаш, қоңыр қаз, аққу құстары. Мәселен, бұл құстардың теңеулері әр қайсысының қолдану аясы әр түрлі. Халық әндерінде дауыстың әдемілігі, дауыстың өрнектілігі, иірімі – бұлбұл құстардың сайрағанына теңестіріледі. «Меруерттей қарақат көз, **бұлбұл дауыс**, Қаз мойын, жақыт түйме, алтын басың» [1, б. 78]; «**Бұлбұл құстай** сыйылтып сайрағанда Алтын тау.... » [2, б. 60]; «Дауысы қайдан шығады **бұлбұлдай** боп, әгәгөй – ау» [2, б. 92]; «**Сайраған сандуғаш** пен **бұлбұл құстай**, Ей, ер жігіт атың шықпас бағын құшпай»[1, б. 122].

Ал қоңыр қаз бейнесі ән өлеңдерінде дауыс тембрімен байланыстырылады. Ол қазақтың дыбыс идеалы саналған: «Әнге сал, **қоңыр қаздай** санқылдаған» [1, б. 133]. **Қоңыр тұс** – Спектральды тұске жатпайтын тек жасыл мен қызыл түстің немесе қызығылттың сұр немесе кекпен қосылысы, сары мен пурпурлы түстің қосындысы болып табылатын тұс. Бұл тұс табиғатта сирек кездеседі. Ол жанғақтың, жабайы ат пен аюдың, еліктің және т. б. жануарлар мен өсімдіктердің тұсі болып табылады. Сонымен қоса адамның шашы мен көзінің тұсі болып табылады.

«Қоңыр» сөзінің этимологиясы қазақ халқының ерте кезеңдерінде толғау мағынасында кең қалыптасқан. Академик И. Кеңесбаевтың түсіндірмесінде «Қоңыр» сөзі – «қоңыр дауыс», «қоңыр ән», «**қоңыр үн** синонимдері **бір қалыпты ыргакпен айтылатын құлаққа жағымды жұмсақ үн**» деген мағынада беріледі. «Қоңыр» басқа да кейбір сөздерге қосылып, тиянақты ой тіркесін құрағанда, көбінесе **орташа деген ұғымды** да береді. Бұл сөз «қоңыр ән», «қоңыр күй» деген сипаттамаларға ұндесіп, интонациясы, мақсаты, сазы – **сүйкімді, қөңілге ұнамды деген мазмұнды көрсеткен**. Ән-өлеңдердегі қоңыр әуенге келер болсақ, қазақ музыкасы – өмір шындығын дыбыстық көркем бейнелермен көрсететін музыкалық өнердің ұлттық саласы. Қазақ халқының ән-күй мұрасы мен көркем әдеби шығармалары қоңыр әуенге аса бай.

Әбіш Кекілбаев: «Қоңыр деген жалғыз сөздің аясына күллі қазақтың ата-баба заманынан бергі бар тірлігін, мінез-құлқын, ұлттық сипатын сол қалпында қызыл тілдің құдіретімен жеткізе білген», деп баға берген біртуар ақындарымыздың бірі Ж. Нәжімedenovтің шығармашылығында қоңыр сөзі ерекше орын алады. Атап айтқанда, «Қоңыр тұс» атты өлеңі қарапайым қазақтың қоңыр тірлігін былайша суреттейді: «Қоңырайып жатыр алда жол әлі

Кеуде кейде қоңыр күйге толады. Қоңыр әнмен қазақ бесік тербетіп, Өргізіпті- ау қоңыр-қоңыр баланы».

Қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымында уақыт пен кеңістік өлшемдері санмен емес, сапалық тұрғыдан айқындалған. Сол себепті уақыт өлшемдерін қолданған халқымызда бір шақырым, екі шақырым сияқты нақты өлшемдерден гөрі, «сүт пісірім уақыт», «ет пісірім жер», «ат шаптырым уақыт» деген теңеулер таралды.

Мысалға, қара өлеңнің бір мәтінінде: «Астынан алты қырдан шықкан дауысым» [2, б. 109], деген ара-қашықтық өлшемі кездесті. Осыны айқындау мақсатында біз географиялық деректерге сүйенуді жөн көрдік: «**Қыр** аласа таулардың, қыраттардың, ұстірттердің ұзыннан бойына созылып жатқан биік жері. Биіктігі көбіне 70 метрге, ұзындығы ондаған километрге жетеді. Мал өрісі, жайлау, немесе шөлді атыраптағы қыраттардан бөлініп қалған шұратты дөнесті қыр деп аталады» [3]. Яғни, ұзындығы ондаған километрге, ал биіктігі аса зор тау қыратын атайтындығын есткерткен жөн.

Міне, осындай **көш**, көшу – бір мекеннен екінші орынға қоныс аударуы, науқанды жыл мезгілдеріне орай қектеуге, жайлауға, құздеуге, қыстауға көшу қазақтың негізгі өмір салтына айналған құбылыс. Алыс шақырымға шейін дауысы жеткен әншінің кәсіпқой денгейі басқаларға қарағанда ерекше екендігін таныту мақсатында ән өлеңдердегі мына өлең жолдары дәлелдей түседі: «Жаңғыртып **көш жөнекей** ән салғанда, Шаттанып қыздың жаны тербетілген» [1, б. 89]. Осы өлең жолдарындағы «көш жөнекей» ұғымы көшпенде салтпен бірге алыс ара-қашықтықты да көрсетіп отырғандығын ескеру қажет.

Қара өлең мәтіндерінде дауыс сапасына да көніл бөлінеді. Ән айтушының дауыс желбезегінің сапасы орындауда тозбайтындығы, оның сымнан, темірден, жезден жасалғанымен салыстыруынан көруге болады. Мәселен: «**Жезтандай** айтқан **күміс қемей** ме екен» [2, б. 35]. Қәсіби әншілердің кештен таң атқанша ән айта алуы дауыс дайындығының өте мықты болуына байланысты болса керек.

Еуропалық вокалды үйрету барысында жоғарғы позицияны іздеу жолында мысал келтіріп үйретеді: жоғары құздан төмен қарап, немесе таңқалып, жылы жүзбен кулімдеп тұрғандай қиялдау сезімімен адамның бет-пердесі таңғалыңқы өзгеріп тұруы тиіс. Осы ерекшелікті қара өлең мәтіндерінде әр түрлі дауыс тембрі мінездемелерінде де байқаймыз. Бұл қазақ өлеңдерінде «қас пен қабақты» керу сөз тіркесімен белгіленеді. Қас қабақты керу арқылы әнші жоғарғы позицияны ұстап, әннің жоғарғы диапазонына женіл әрі жіңішке етіп шығаруға көмек береді. Жүзі шырайланып, құліп тұрғандай, өзін тамсанып тұрғандай күйде сезінеді: «Айқайлад ән саламын Тілеуқабақ, **Керілер өлең айтсам қас пен қабақ**» [1, б. 84], делинген Сегізсерінің атақты әнінде.

Қара өлең мәтіндерінде дауыс динамикасына байланысты теңеулер кездесіп отырады. Соның бірі – «ашық дауыс», «бар дауыспен ән шырқау» теңеулері. Әдетте ондай дыбыс арқылы көнілді адамның сезімі жеткізілген. Мысалы: «Көнілдің қуанышын жырға қосып, келді ғой **бар дауыспен шырқайтын шақ**» [1, б. 84]; «Көнілді **басыңқылау** оятқандай- оу» [1, б. 133].

Сонымен бірге, кейбір әншілердің дауысы ашылуы үшін бастапқы тұста дауысқа жаттығу жасау, оны қыздыру мақсатында әуелі женіл, төменгі тиссетурада айтылатын әндерді орындаپ, негізінен жыр мақамдарынан да өзінің көрсетілімін бастауы мүмкін еді. Речитативті әндерден кейін, дауыс қызғаннан соң, ашыла келе айқайлад, қын әндерге көшу мүмкіндігі туындаиды. Халық арасында суырылып шығып, танымал әншілер өзінің әдеткі репертуарын айтып отырып, дауысты осылай ашу мүмкіндігіне ие болғандығын жорамалдау қын емес. Мәселен, қара өлең мәтіндерінде: «**Дауысым ашылады** айтқан сайын, Көкейден сорғалатып жырдың майын» [1, б. 29] ; «Қолыма домбыра алып ән шырқасам, **Дауысым ашылады айтқан сайын**» [1, б. 29]; «Көнілдің қуанышын жырға қосып, Келді ғой **бар дауыспен шырқайтын шақ**» [1, б. 84] . Яғни, әуелі орындауға біршама женіл әндерді, содан соң бірте-бірте қын әндерге көшу арқылы, дауысқа жаттығу жасап, шынықтыру көрерменнің алдында өнер көрсеткен ақын әншілерге әдеткі тәртіп болған секілді.

Оған домбыраның ладтық тұрғыда атқаратын қызметі зор болды. Домбырамен бір тональдікте ән орындаған, тониканы және квинтаны ұстап тұрған. Әуелі төменгі регистрде, сосын оны бұрап кішкене жоғарылап-жоғарылап дауысын ашып алған.

«Айқай салсам дауысым ашылмайды, Жолға жұпар қалампыр шашылмайды» [1, б. 61]; – деген өлең жолдары арқылы дауысты қыздырып айтпасам, айқайласам дауысым ашылмайды, яғни бірден қыын әннен бастаудың қажет емес екендігін айттып отыр. Әуелі бір жаттығуларды жасап, содан соң бар дауыспен салынатын әндерге бірте-бірте көшкендігін байқау қыын емес.

Міне, біздер қарастырған әннің мәтіндеріндегі орындаушылық мәнер туралы халық түсініктері ауызша дәстүрмен сақталған және қоғамға таныс ұлттымыздың тұтас түсініктер жиынтығы барын дәлелдеп отыр. Бұл уақыт сынынан мұдірмей өткен, біздің заманымызға келіп жеткен халық әндерінің барлығына дерлік тән белгі. Жазба мәдениеті тау қоймаған дала жағдайында нағыз көркем, тындаушысына терең әсер ететін әуезді саз ғана ел аузына ілігіп, ұзақ мерзім өмір сүре алған терең түсініктер жиынтығы, дала даналығы.

Әдебиеттер тізімі

1. Халық әндері мен халық композиторларының әндері = Антология казахской песни в 2-х томах : музыкальное произведение, вокальное. 1 т. / сост. Ж. Кәрменов. – Алматы: Өнер, 1990. – 336 с.
2. **Баглан Бәбіжан.** Қазақтың жүз қара өлеңі [Ноталар] / Бәбіжан Б. – Алматы: Сорос-Қазақстан Қоры, 2002. – 256 с.
3. Қыр. / Уикипедия [электрондық ресурс] URL: <https://kk.m.wikipedia.org/wiki/Қыр> (Дата обращения: 01.12.17)

References (transliterated)

1. Halyk ānderi men halyk kompozitorlaryny ānderi = Antologiâ kazahskoj pesni v 2-h tomah : muzykal'noe proizvedenie, vokal'noe. 1 . t. / sost. Ž. Kârmenov. – Almaty: Ôner, 1990. – 336 p.
2. Bağlan Bâbîžan. Kazaktyň žüz қara ôleni [Notalar] / Bâbîžan B. – Almaty: Coros-Қазақстан Қоры, 2002. – 256 p.
3. Қыр. / Uikipediâ [èlektronдық resurs] URL: <https://kk.m.wikipedia.org/wiki/Қыр>

Автор туралы мәлімет:

Серікболова Ақбота Серікболқызы – Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының магистранты. Гылыми жетекшісі: **Сабырова Алия Сұлтанимұратқызы** – өнертану ғылымының кандидаты, доцент.

Сведения об авторе:

Серикболова Ақбота Серикболовна – магистрант Казахской национальной консерватории имени Курмангазы. Научный руководитель: **Сабырова Элия Сұлтанимұратовна** – кандидат искусствоведения, доцент.

Information about the author:

Akbota Serikbolova – graduate of the Kurmangazy Kazakh National Conservatory. Supervisor: **Aliya Sabirova** – Candidate of Arts, Associate Professor.

МРНТИ 18.41.91

Д. Росельбаева¹, В. А. Шапилов¹

*¹Казахская национальная консерватория имени Курмангазы
Алматы, Казахстан*

СТИЛЕВЫЕ И МИРОВОЗЗРЕНЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ТВОРЧЕСТВА Б. АМАНЖОЛА

Аннотация

В статье рассматриваются стилевые и мировоззренческие основы музыкального творчества одного из ведущих композиторов Казахстана Бахтияра Аманжола. Преобладание камерных жанров выступает первой стилевой основой творчества Б. Аманжола. Особое значение обработок казахской народной музыки свидетельствует о национальной почвенности стиля музыки Б. Аманжола, и это качество выступает второй стилевой основой творчества композитора. Особое внимание уделяется взаимосвязи классических западноевропейских техник письма с музыкальными традициями казахского народа, образующими синтез культур, обладающий новым художественным качеством. Экспериментальные качества народных обработок Б. Аманжола сочетаются с бережным отношением к традиционным основам народного музыкального творчества, среди которых особое значение имеет импровизационность, выступающая третьей стилевой основой музыки композитора. Особое значение в музыке композитора приобретает концепция сакрального пространства, получившая отражение, как в музыкальных произведениях автора, так и в его научных и методических работах. Попытка целостной характеристики творчества Б. Аманжола в специальной литературе предпринимается впервые.

Ключевые слова: композиторы Казахстана, стиль, казахская традиционная музыка, тенгрианство, камерные жанры, импровизационность, национальная почвенность, сакральное пространство.

Д. Росельбаева¹, В. А. Шапилов¹

*¹Құрмангазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы
Алматы, Қазақстан*

Б. АМАНЖОЛДЫҢ ШЫГАРМАШЫЛЫҚТАҢ СТИЛІ ЖӘНЕ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Түйін

Мақалада Қазақстанның жетекші композиторларының бірі Бахтияр Аманжолдың музыкалық шығармашылығының стилі мен философиялық негіздері қарастырылады. Камералық жанрлардың басым бөлігі Б.Аманжол шығармашылығының алғашқы стилистикалық негізі болып табылады. Қазақ халық музикасының өндөлеуінің ерекше маңызы Б. Аманжолдың музыкалық стилінің ұлттық топтамасын көрсетеді және бұл сапа композитордың шығармашылығының екінші стилі болып табылады. Классикалық батыс европалық жазба техникасының қазақ халқының музыкалық дәстүрлерімен қарым-қатынасина ерекше назар аударылады, олар жаңа көркемдік сапасы бар мәдениеттерді синтездейді. Б.Аманжолдың халықтық өндеуенің эксперименталдық қасиеттері халық музикасының шығармашылығының дәстүрлі негізіне мұқият араласады, оның құрамына композитордың музикасының үшінші стилінің негізі болып табылатын импровизация кіреді. Сахаралық кеңістіктің тұжырымдамасы авторлық музыкалық шығармаларда, оның ғылыми-әдістемелік жұмыстарында көрініс тапқан композитордың музикасында айрықша маңызға ие. Алғаш рет Б.Аманжолдың арнайы әдебиет шығармашылығының интегралдық сипаттамасына әрекет жасалды.

Tірек сөздер: композиторлар, стиль, қазақтың дәстүрлі музикасы, тенгрианизм, камералық жанрлар, импровизация, ұлттық негізі.

D. Rosselbayeva¹, V. Shapilov¹

¹Kurmangazy Kazak National Conservatory
Almaty, Kazakhstan

STYLISTIC AND PHILOSOPHICAL FOUNDATIONS OF B. AMANZHOL'S MUSICAL CREATIVITY

Abstract

In this article we consider the problem of revealing characteristic stylistic traits and philosophical foundations of one of the leading composers of Kazakhstan Baktyiar Amanzhol. Identifying the main characteristics of B. Amanzhol's music we have extracted four features, first of them based on chamber genres, which become the first stylistic feature of the composer's identification. The special significance of the arrangements of Kazakh folk music was embraced as the very basis of B. Amanzhol's classical compositions, and this quality is considered as the second feature of the composer's identification. Particular attention is paid to the relationship of classical Western European writing techniques with the musical traditions of the Kazakh people, which form a synthesis of cultures, which has a new artistic quality. The experimental qualities of B. Amanzhol's folk arrangements are combined with a careful attitude to the traditional foundations of folk musical heritage, which includes improvisation, which is the third style feature of the composer's music. Since a special importance is given to the concept of sacral space in the music of the composer, which has been reflected both in the author's musical works and in his scientific and methodical works is considered as the fourth stylistic trait. Approach of the integrated characteristic of B. Amanzhol's stylistic traits is undertaken in the special literature for the first time.

Key words: composers of Kazakhstan, style, Kazakh traditional music, tengrianism, chamber genres, improvisation, national basis, sacral dimension.

Бахтияр Туткабаевич Аманжол относится к числу ведущих композиторов Казахстана, деятельность которого отличается многогранностью, и представлена как собственно музыкальными произведениями, так и работами методического характера, отражающими современные тенденции развития музыкальной педагогики, а также – научными работами, содержащими оригинальные философские концепции. Творчество Б. Аманжола характеризуется жанровым и стилевым разнообразием, оно представлено множеством оркестровых, камерно-инструментальных, вокальных и хоровых произведений, выполненных в композиторской технике широкого диапазона – от традиционного письма народной музыки до современных технических приемов.

Бахтияр Аманжол родился 28 февраля 1952 года в столице КазССР, городе Алма-Ате. Начальное музыкальное образование получил в специализированной музыкальной школе им. К. Байсейтовой по классу фортепиано. Позже занятия на фортепиано совмещались с изучением теории музыки у известного музыканта и педагога Николая Фомича Тифтикиди. В 1968 году Б. Аманжол заканчивает Алма-Атинское музыкальное училище имени П. И. Чайковского по классу фортепиано, и поступает на подготовительное отделение Алма-Атинской государственной консерватории им. Курмангазы в класс одного из ведущих композиторов Казахстана К. Х. Кужамьярова. Через год, на втором подготовительном курсе он переводится в класс другого признанного мастера – Г. А. Жубановой. Уроки у больших мастеров остались глубокий след в памяти и в сердце композитора, как говорит сам Б. Аманжол: «позволили почувствовать себя художником».

Последовавшие далее годы обучения в Московской консерватории им. П. И. Чайковского (1970-1977) были самыми значимыми в плане профессионального роста. Б. Аманжол обучался в классе у композитора, педагога, профессора, заведующего кафедрой МГК – Альберта Семёновича Лемана. Прочие предметы преподавались не менее известными личностями: по инструментовке у Ю. А. Фортунатова, по полифонии – Т. Ф. Мюллера, по гармонии – В. П. Середы, по анализу – В. Н. Холоповой и других. В 1978-1980 годах Б. Аманжол продолжил свое обучение в ассистентуре-стажировке

Московской государственной консерватории у Александра Ивановича Пирумова (армянский, советский композитор).

Уже в годы обучения среди созданных композитором произведений особое место занимают жанры малой формы¹, и это не случайно. Большинство композиторов в начале своего творческого пути ставят перед собой задачи освоения многоголосной фактуры, построения композиции, организации гармонической вертикали, поиска соответствующих авторскому замыслу жанровых и стилевых средств и др. Для решения этих задач в наибольшей степени подходят произведения небольших, камерных масштабов, традиционно исполняющих роль своеобразной художественной лаборатории.

Камерные жанры в музыке XX века имеют особое значение, они явно преобладают в творчестве многих композиторов. Основными причинами этого стали важные социокультурные изменения, в числе которых в первую очередь необходимо отметить ускорение ритма жизнедеятельности общества в результате активного воздействия научно-технического прогресса. В ускоренном ритме жизни XX и XXI веков камерная музыка заметно отличается большей функциональностью по сравнению с музыкой крупномасштабной, она более удобна для исполнения, так как требует меньше организационных затрат, а по степени значительности содержания может не уступать произведениям больших жанров.

Преобладание камерных жанров выступает первой стилевой основой творчества Б. Аманжола. Камерные сочинения Б. Аманжола характеризуются, в первую очередь, необычайно разнообразным исполнительским составом – от симфонического оркестра до сольных традиционных инструментов. В концертной практике миниатюры редко исполняются отдельно, они объединяются по определенному общему принципу. Композиторы часто выстраивают миниатюры в циклы, чтобы пестрота и разнообразие пьес были соединены определенной общей композиционной или драматургической логикой. Поэтому большинство камерных произведений Б. Аманжола объединяются в циклы миниатюр. Крупномасштабные циклические произведения заметно уступают в своем количестве камерным циклам (из более 30 их меньше половины), и характерны для начального периода творчества композитора.

Исполнительский состав отдельных миниатюр и циклических произведений имеет общие признаки – это составы фортепианные, камерно-инструментальные, вокальные, хоровые и оркестровые. В каждой из этих жанровых групп особое значение имеют обработки традиционного материала – казахских песен и кюев, названия которых достаточно часто служат заголовками произведений композитора – обработка кюя Даuletкерея «Түркмен күйі» для вибрафона и фортепиано (1989), «Іңкәр», обработка казахской мелодии для фортепиано (1982), обработка кюя Махамбета «Жайық асу» для кобыза-примы и фортепиано (2005) и др.

Особое значение обработок казахской народной музыки свидетельствует о *национальной почвенности* стиля музыки Б. Аманжола, и это качество выступает второй стилевой основой творчества композитора. Обработки Б. Аманжола отличаются концентрированностью содержания, своеобразием концептуальной направленности и, в особенности, аутентичными стилевыми характеристиками. Тем не менее, на протяжении всех периодов творчества композитора просматривается взаимодействие классического западно-европейского начала с казахским традиционным, тем самым, образуя синтез культур, создающий собственное, качественно новое художественное содержание и форму.

